



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казхский национальный педагогический университет имени Абая

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Арнайы педагогика» сериясы
Серия «Специальная педагогика»
Series of «Special Pedagogics»

№4(51), 2017



Алматы, 2017

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Арнайы педагогика» сериясы
Серия «Специальная педагогика»
Series of «Special Pedagogics»**

№4(51), 2017

Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

**АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ**

Аутаева А.Н., Қошжанова Г.А. ҚР арнайы білім берудің даму тарихы.....
Autayeva A.N., Koshzhanova G. A. History of development of special education in Kazakhstan.....

Абаева Ғ.А., Шотыбаева Л.А. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне сипаттама.....
Abayeva G.A, Shotybaeva L. A. The features of the conversational speech of preschool age children with general underdevelopment of speech

Nabidullin A.S. Lingua-cultural peculiarities of winged words and phrases of English language and the importance of their studying and usage by children with special needs
Набидуллин А.С. Қазақ және ағылшын тілдері негізінде қанатты сөздер мен тіркестерді аударудың лингвомәдени негіздері және оларды мүмкіндігі шектеулі балаларға үйрету мен қолданудың маңыздылығы.....

Олексюк З.Я. К вопросу невротизации детей дошкольного возраста.....
Oleksyuk Z. Yak. To the question of neurotization of preschool age children.....

Аутаева А.Н., Естемесова Ж.Т. Білім берудің альтернативные технологиялары және олардың ерекшеліктері
A.N.Autayeva, Z.T.Estemesova. The alternative technologies of education.....

Izmagambetova Raisa, Izmagambetova Raila. Science and innovation is the basis of a new formation.....
Р.К.Измагамбетова, Р.К.Измагамбетова. Ғылым мен инновация - жаңа білімнің негізі

Кудушева Н.А., Булабаева С.Т. Әлеуметтік-психологиялық тренинг әдісімен мектептегі мазасыздықты түзету.....
Kudusheva N.A., Bulabayeva S.T. Correction of schoolchildren's anxiety with the help of methods of social and psychological training.....

Бимбетова С.Т. Есту қабілеті зақымдалған балалардың тұлғааралық қарым-қатынасының ерекшеліктері.....
Bimbetova S.T. Features of interpersonal relations in children with violation of hearing.....

Даурамбекова А.А., Махадилова М.С., Керимбек М.К.,Абулгазинова Д.Н., Аралбек Г.А., Қожахмет І.Б., Исмаил А.Ш. Шет елдердегі инклюзивті білім беру жүйесінің жағдайы
Daurambekova A.A., Makhadilova M.S., Kerimbek M.K., Abulgazinova D.N, Aralbek G.A, Kozhakhmet I.B, Ismail A.Sh. Conditions of the inclusive system of education in foreign countries

Қошжанова Г.А. Педагог-дефектологтың жеке тұлғалық қасиеті.....
Koshzhanova G. A. The personal qualities of special teacher.....

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ИЗУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Аутаева А.Н , Бердіхан А.М . Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар балаларды сұрақ қоюға оқыту жолдары.....

Autaeva A.N., Berdikhan A.M Ways of teaching of preschool age children with a general underdevelopment of speech to the formulation of the questions

Завалишина О.В. Кахриманқызы Г. Психолого-педагогические проблемы развития коммуникативной компетентности у детей с нарушениями слуха.....

Zavalishina O.V.,Kakhrimankyzy G. Psychological-pedagogical problems of development of communicative competence in children with hearing impairments.....

Әмрекул А.Т., Ибатова Г.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың тұтықпасын жоюдағы логопедиялық ырғақтың мәні (теориялық шолу).....

Amirekul A.T, Ibatova G.B. Value of a logorhythmics for overcoming stutter at children of preschool age (the theoretical review).....

Денисова И.А, Дьяченко А. Технологические и методические аспекты использования логоритмики как средства коррекции речи при заикании.....

Denisova I., Diachenko A Technological and methodical aspects of rhythmics as cure of overcoming stutter

Дастан Ж. Н., Тулебиева Г. Н. Бейнелеу сабағында жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту ерекшеліктері.....

Dastan Zh. N., Tulebiyeva G. N. Features of speech development of children with gsu (general speech underdevelopments) at the art lessons.....

Бекмағамбетова А.Қ., Ибатова Г.Б Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалар сөзінің дыбыстық буындық құрамының арнайы әдебиеттерде зерттелуі.....

Bekmagambetova A.K., Ibatova G.B. Investigation of violations of the sound-syllabic structure of preschool children speech with general underdevelopment

Мирзахмедова У.А.,Жайлаубек Ш.Е Көру қабілеті зақымдалған балаларды оқыту әдістері

Mirzakhmedova U.A., Zhailaubek Sh.E. Methods of training of children with infringements of the sight.....

- Denisova I.** Correction of pronunciation of younger school students with dysarthria by rhythmic means
- Денисова И.А.** Түзету ритмика құралдарымен дизартриясы бар бастауыш сынып оқушыларының дыбыс айтуын түзету.....
- Кудушева Н.А., Булабаева С.Т.** Есту қабілеті зақымдалған балаларды оқыту процесіндегі сөйлеу тілінің дактильдік формасын қолданудың мәселелері
- Kudusheva N.A, Bulabayeva S.T.** Questions of using the doctella form of speech in the training of children with hearing disorders.....

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ
ТӘРБИЕЛЕУ
ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ
ПОТРЕБНОСТЯМИ**

- Бекбаева З.Н. Досыбаева С.** Мектепке дейінгі балаларды эстетикалық тәрбиелеудің маңызы.....
- Bekbaeva Z., Dosybaeva S.** The content of aesthetic education of children of preschool age.....
- Оразаева Г.С., Сейтенова Б.А.** Формирование интонационной выразительности речи у дошкольников с дизартрией.....
- Orazayeva G., Seitenova B.** The use of innovative technologies in development of speech understanding of children with autism spectrum disorders.....
- Даурамбекова А.А., Махадилова М.С., Хапан М.Б., Диханбаев О.О., Аширбекова А.Ж.** Нашар еститін балаларға арналған арнайы мектеп-интернатта өмір қауіпсіздігін сақтау негіздерін оқыту ерекшеліктері.....
- Daurambekova A.A, Makhadilova M.S. Hapan M.B., Dihanbaev O.O., Ashirbekova A.Zh.** Special features of training framework for safety life in the special school.....
- Нұрланбекова А.Д., Жаканбаева Б.Б.** Зияты зақымдалған балаларды оқыту үрдісінің түзетушілік бағыты
- Nurlanbekova A.D. Zhakanbaeva B.B.** Correction orientation of process of educating for children with violation of intellect.....
- Булабаева С.Т. Айдарқұлова А.Ж.** Есту қабілеті зақымдалған балаларды мектеп-интернаты жағдайында тәрбиелеудің оңтайлы жолдары.....
- Bulabayeva S.T. Aydarkulova A.Zh.** Effective ways of upbringing of children with hearing disorders in conditions of the boarding school
- Оразаева Г.С., Щанина А.И.** Развитие познавательной деятельности детей с ОНР через ТРИЗ – технологию.....
- Orazayeva G., Shchanina A.** Development of the cognitive activity of children with GUS with TRIZ – technology

Құрметті оқырмандар!

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы жинағының «Арнайы педагогика» сериясы, арнайы педагогиканың теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелерін қарастыруға бағытталған материалдарды жариялауды жалғастырады. Хабаршының бұл санында Қазақстанның, Ресейдің арнайы білім беру мекемелерінің мамандарының, жоғары оқу орындарының оқытушыларының, магистранттардың мақалалары қамтылған.

Басылымда қарастырылған рубрикалар аясында төмендегідей өзекті мәселелер қарастырылды: дамуында ауытқуы бар балаларды зерттеу; мүмкіншілігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу; балалармен психокоррекциялық жұмыс ұйымдастыру; арнайы мектепте оқу үрдісін жоспарлау, т.б.

Құрметті әріптестер, оқырмандар! Сіздердің мақалаларыңызды және ұсыныстарыңызды күтеміз. Сіздердің жолдаған мақалаларыңыз Қазақстандағы дефектология ғылымының теориясы мен тәжірибесін дамытуға ықпалын тигізеді деген сенімдеміз.

Құрметпен бас редактор: п.ғ.к.,доцент Макина Л.Х.

Уважаемые читатели!

В очередном номере вестника КазНПУ имени Абая серии «Специальная педагогика» (№4, 2017-го года) опубликованы научные статьи, посвященные актуальным проблемам специального и инклюзивного образования детей с особыми образовательными потребностями. В журнале находят отражение проблемы научно-теоретического и прикладного характера. Авторы статей – ученые, докторанты, магистранты из Республики Казахстан, ближнего и дальнего зарубежья. Публикуются практические материалы работников специальных (коррекционных) и общеобразовательных организаций образования.

В рамках специальных рубрик сборника рассматриваются такие важные направления, как:

- Актуальные вопросы специального и инклюзивного образования;
- Изучение детей с особыми образовательными потребностями;
- Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями.

Ждем Ваших материалов и надеемся, что все научные статьи, опубликованные в Вестнике, внесут определенный вклад в развитие теории и практики дефектологической науки в Республике Казахстан.

С уважением, главный редактор: канд. психол.наук, доцент **Макина Л.Х.**

АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

УДК 376(091)
МРНТИ: 14.29.00

Аутаева А.Н.¹, Қошжанова Г.А.²

*¹Арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі
п.с.ғ.к.доцент akbota-n@mail.ru*

*²6D010500 Дефектология мамандығының I курс PhD докторанты
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

ҚР АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Дамуында ауытқуы бар балаларды оқыту және тәрбиелеу Қазақстанда өткен ғасырдың 20-жылдардың басында бастау алған. Қазіргі арнайы білім берудің дамуы ерекше белгілер мен тенденциясының анықталуын, әртүрлі уақыт кезеңдерінің карама-қайшы жақтарын анықтау және дамуында ауытқуы бар балаларға дәстүрлі емес формада көмек көрсету, қоғамдық тәрбиелеуге сәйкес құруды қамтиды. Сонымен, Қазақстанда ауытқулықтары бар балаларға арнайы білім беру жүйесінің құрылуының алғышарттары өткен ғасырдың 20-жылдардан бастау алған. Аталмыш балаларға білім мен тәрбие беруді дамытуды сол кезеңнің танымал тұлғаларының қызметтері үлкен рөл атқарды. Ауытқулықтары бар балаларға көмек көрсетуді ұйымдастырудың алғашқы қадамдары ресейлік тәжірибені ұйымдастыру негізінде әзірленген.

Республикадағы ауытқулары бар балаларға арнайы білім беру мен тәрбие беруге байланысты жүргізілген зерттеулер арқылы сол жүйенің мәселелері мен әлсіз жақтарын ғана анықтап қоймай, оның болашақта даму беталысын анықтауға болады.

Түйін сөздер: арнайы білім беру, мүмкіндігі шектеулі, тәрбие, оналту.

Аннотация

Аутаева А.Н.¹, Қошжанова Г.А.²

*¹Заведующая кафедрой специального образования
к.п.с.н.доцент*

²Докторант PhD по специальности 6D010500 "Дефектология", I курс

История развития специального образования в РК

Развитие системы обучения и воспитания детей с нарушениями развития в Казахстане началось в начале 20-х годов прошлого столетия. Большую роль в развитии образования и воспитания детей сыграли общественные деятели, деятели культуры и ученые того периода. Их труды и стали основой развития специального образования в РК. Отечественные педагоги и государственные деятели развивали систему специального образования, учитывая особенности казахской культуры. В целом анализ развития системы специального образования в РК показал, что к концу 90-х годов 20-го века сложились устойчивые традиции обучения детей с недостатками в развитии в закрытых учебных заведениях. Эти традиции были закреплены как ведомственными нормативами (приказами, методическими рекомендациями, учебными программами), так и отдельной системой профессиональной подготовки кадров.

Ключевые слова: специальное образование, обучающиеся с ограниченными возможностями, воспитание, реабилитация,

Abstract

Autaeva A.N.¹, Koshanova G. A.²

¹k.ps.s.docent

Head of special education Department

²PhDDoctoral student on 6D010500 "Defectology",

History of development of special education in Kazakhstan

The development training and education system concerning Children with disabilities in Kazakhstan started in the early 20-ies of the last century. Modern trends in the development of special education and special marks to identify the different periods of time contradicts help in the development of children and identifying non-traditional form, in accordance with includes the creation of public

education. Overall, the analysis of the special education system in Kazakhstan showed that by the end of the 90s developed a strong tradition of teaching children with disabilities in the development of in closed institutions. These traditions have been fixed as the departmental regulations, orders, guidelines, training programs, and separate system of vocational training.

Keywords: special education, the disabled pupil, education, rehabilitation

ҚР-дағы мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арнайы білім берудің өзіндік тарихы бар. Тарихи деректер біздің елімізде арнайы білім беру жүйесі қалыптасып, дамуын нақты көрсеткіштермен сипаттайды. Қазіргі арнайы білім берудің дамуы ерекше белгілер мен тенденциясының анықталуын, әртүрлі уақыт кезеңдерінің карама-қайшы жақтарын анықтау және дамуында ауытқуы бар балаларға дәстүрлі емес формада көмек көрсету, қоғамдық тәрбиелеуге сәйкес құруды қамтиды. ҚР-да арнайы білім берудің теориясы мен практикасының дамуы анықталған тарихи кезеңде көрініс тапты.

Қазақ халқының педагогикалық-психологиялық ой-пікірлері туралы зерттеулері мен көзқарастары тарихтың ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында жиі кездеседі. Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, С.Көбеев, А.Байтұрсынов және т.б. болды. Осы біртуар жандар педагогиканы және психология ғылымы саласында ғылыми еңбектер жазып, тәлім-тәрбиелік ғылымның ұлттық терминінің қалыптасуына бағасыз үлес қосқан.

Азамат соғысы кезінде, ашаршылық, эпидемия және т.б. айғақты себептердің соның ішінде: арнайы мектептердің аздығы, педагог кадрлардың жетіспеуі салдарынан елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар, бұзақылар қайыршылар көбейіп кетті. Бұл мәселелерді шешу, яғни ауытқулығы бар балаларды есепке алу және арнайы көмек көрсету қиын жағдайда болды, себебі Қазақстанда бұл бағыттағы жұмыс істеу тәжірибесі аздығы болған, ауытқулығы бар балаларды мемлекет тарапынан қамқорлыққа алу арнайы ұйымдастырылмаған. Алайда ағартушы тұлғалардың ауытқулығы бар балалардың мәселесіне көңіл бөлгенін теріске шығаруға болмайды.

Қазақстанда ғылым мен ағартушылықтың дамуына сол кезеңнің белсенді, данышпандары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев т.б. мүмкіндік туғызды. Ғалымдардың педагогика және психологияның мәселелеріне ой пікірлері құнды болды. А.Байтұрсыновты қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. Мағжан өз еңбегінде психология пәніне өте кең орын беріп, оны барынша зер сала қарастырады және ғылымның бұл саласында өз білімдарлығын байқатады. Оның жан қуаттары жайындағы пікірлерінде дала өмірі мен өзінен бұрынғы және өз заманындағы қазақ зиялыларының туындыларын, ұлттық психологиялық бояу нақышын шеберлікпен пайдалана білу тәсілі де құптарлық. Жан көріністерін ол «білу яки ақыл, сезім яки көңіл, һәм қайрат көріністері» деп үш тармаққа бөле келіп, олардың өзара табиға үйлесімін Абай тұжырымдарымен байланыстырған.

Олардың ғылымның дамуына, психологияның білім деңгейіне көңіл аударуы сол заманда маңызды орын алды және сол негіздің қалыптасу салдарынан арнайы білім беру жүйесі дамыды.

Қазақстанда ауытқушылықты алдын алуға байланысты міндеттерді шешуде 1921 жылы Орынборда ұлттық ағартушылық конференцияның маңызы зор болды. Бұл конференцияда ең бірінші рет дамуында ауытқулықтары бар балаларға арналған жұмыстарды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді. Балалар үйіне қабылданатын балаларды тексеру мәселесі, оларды оқыту, тәрбие беру мекемелерінің ажырату, ауытқуы бар балаларды еңбекке даярлау, мектеп тәрбиесінің өзара байланыстары қарастырылған. Балалардың ауытқулығына байланысты күрес балалар арасындағы қылмыс пен панасыздықтың алдын алумен қатар жүреді. Балалар үйі, панасыз балаларға арналған коллониялар, жас заң бұзушыларға арналған тәрбие беру-түзету пунктері ашылды. Ал ауытқулықтары бар балаларға арналған мамандырылған мекемелер біздің республикамызда баяу дамыды.

1921жылы Орынборда ең алғаш рет зияты зақымдалған және естімейтін сөйлемейтін тұлғаларға арналған балалар үйі ашылды. 1922 жылы Ақмола губерниясында ауытқулықтары бар балаларға арналған балалар үйі ашылды. 1922ж Республикада әртүрлі ауытқулықтары бар балаларға арналған арнайы мектептердің қажеттілігі өсе берді. 1926 жылы еліміздің білім берудің дамуыту жобасында арнайы мектептер ашу қарастырылған болатын, бірақ экономикалық жағдайдың қиыншылықтары мұны жүзеге асыруға мүмкіндік болмаған.

Сонымен, Қазақстанда ауытқулықтары бар балаларға арнайы білім беру жүйесінің құрылуының алғышарттары өткен ғасырдың 20-жылдардан бастау алған. Аталмыш балаларға білім мен тәрбие беруді дамытуды сол кезеңнің танымал тұлғаларының қызметтері үлкен рөл

атқарды. Ауытқулықтары бар балаларға көмек көрсетуді ұйымдастырудың алғашқы қадамдары ресейлік тәжірибені ұйымдастыру негізінде әзірленген.

Ал 30-шы жылдары республикада арнайы білім беру жүйесінің дамуы жалғаса берді. Арнайы білім беру жүйесінің дамуында маңызды жаңалық болып 1931 жылы 8-маусымда халық ағартушылық комитетінің мәжілісі қабылдаған ауытқуы бар балаларға арнайы білім беруді міндетті түрде беру туралы шешім қабылданған.

1931-1932 оқу жылдарының басынан республикада естімейтін және көрмейтін балаларға арналған 2 типтегі арнайы мектептер ашылды. Көрмейтін балаларға білім беруде де қиыншылықтар кездесті. Арнайы оқу құралдарының болмауы, мамандардың жоқтығы салдарынан біршама қиындықтар болған. 1937 жылдан бастап Семей, Ақтебе, Орал, Қарағанды мен Қостанайда естімейтін балаларға арнайы мектептер мен балалар үйлері ашыла бастады. Сол уақытта мамандардың жетіспеуі ерекше сезілді. 30 жылдардың ортасына дейін республикадағы арнайы мекемелерде дефектолог мамандар болған жоқ.

Ауытқулықтары бар балалармен жұмыс істеуге жоғарғы білімі бар дефектолог мамандары қажет болды. Осы кезде тифлопедагогтар мен олигофренопедагогтар жоқ болатын. Жалпы 20-30-шы жылдары дамуында ауытқулықтары бар балаларға арналған оқыту, тәрбие беру мекемелеріндегі педагогикалық мамандарды даярлау біліктілігін жоғарлау жүйесінің қалыптасу кезеңін бастан кешірген.

1920-1945 жылдар аралығында республикада арнайы білім беру мен тәрбие беру жүйесі қалыптасуының маңызды кезеңі болды. Осы жылдардағы қиыншылықтарға карамастан бұл кезең Қазақ Республикасындағы арнайы білім беру жүйесі құрылуының негізгі, бастапқы іргетасын қалады.

Отандық арнайы білім беру жүйесінің даму тарихын талдай келе өткен ғасырдың 70 жылдарына дейін мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу, оларды түзету мен бейімдеу мәселелеріне арналған ғылыми жұмыстардың аздығы, оның негізгі себептерінің бірі республикада дефектолог мамандар дайындау сол кезге дейін ұйымдастырылмағандығы.

1962-1963 оқу жылынан бастап Қазақстан түлектеріне Киев, Мәскеу, Ленинградтағы педагогикалық институттарында дефектология факультетіне түсу үшін арнайы орындар берілген.

Өз елімізде дефектолог мамандарды даярлауды ең алғаш Абай атындағы Қазақ Педагогикалық Институтында бастаған. 1976-1977 жылы дефектология факультеті қазақстандық арнайы білім беру жүйесіне дефектолог мамандарды оқыту тәжірибесінің іргетасын қалаған. ҚазПИ-дің дефектология факультетін ашуға белсенді қатысып, дамуына өз үлесін қосқан озат дефектолог ғалымдар: Намазбаева Ж.И., Сүлейменова Р. А., Өмірбекова Қ.Қ., Бектаева К.Ж., Буфетов Н.М. т.б.

Дефектология ғылымының дамуы Ж.И. Намазбаеваның кемтар баланың тұлғасын зерттеу жұмыстарынан басталған. 1971 жылдары ақыл- ойы кемтар балалардың өзін-өзі бағалау тұлғалық ерекшеліктерін зерттеген, кейін бұл бағыттағы жұмыс жалғасып, 1986 жылы психология ғылымының докторлық диссертациясында дәлелденген.

80-шы жылдары психология сапасында психикалық дамуы тежелген балаларды зерттеу жұмыстары көптеген нәтижелер көрсетті. Нақты М.Ш. Адилова кіші мектеп жасындағы ПДТ бапалардың психомоторикалық ерекшеліктерін зерттеген, бұл еңбектің психомоториканы дамыту мен түзету теориясы мен тәжірибесі маңызы зор.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың тұлғалық қасиеттерін зерттеу жұмыстары кейін де Ж.И. Намазбаеваның жетекшілігімен жалғасып, бірталай ғылыми еңбектер жүргізіліп, арнайы психологияны қызықты деректермен толықтырған Мысалы, Сарсенбаева Л.О. көмекші мектеп оқушыларының тұлғалық бағытын зерттеген, Макина Л.Х. зияты зақымдалған балалардың тұлға аралық қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу жұмысын жүргізген т.б. (Шарапиева А.Д., Исакова М.С.)

Қазақстан дефектологтары мүмкіндігі шектеулі балаларды тілге оқу мәселесін зерттеп, бұл салада құнды еңбектерімен танымал. Бектаева К.Ж., Өмірбекова Қ.Қ. көмекші мектеп оқушыларын тілге оқыту әдістемесін мазмұндама және шығармалар жазуға үйрету жұмыстарымен толықтырған. Ал математика әдістемесі үшін Р.А. Сүлейменованың ақал-ойы кемтар балалардың есеп шығарудағы қиындықтарының ерекшеліктері зерттеуі мен И.Г. Терехованың көмекші мектепте ондық бөлшектерге оқыту туралы ғылыми жұмыстары өзектілігін ақтаған. Арнайы мектептің негізгі міндеті түлектерін әлеуметтік бейімдеу жұмысын әзірлеу үшін А.Қ. Рсалдинованың зияты зақымдалған балаларды стандарты нұсқау бойынша жұмыс жасауға үйрету.

Арнайы білім беру жүйесінің дамуы туралы ғылыми еңбектер Г.М. Коржова мен А.Қ. Сатованың диссертацияларында керініс тапты. Нақты Г.М. Коржова кемтар балаларды еңбекке баулу жүйесінің даму тарихын анықтаған, ал А.Қ. Сатова дефектолог кадрларын даярлау жүйесінің қалыптасу мен жетілдіру мәселерің зерттеген. Арнайы білім беру жүйесінің даму тарихы үшін бұл жұмыстар аса маңызды.

90-шы жылдары тәуелсіздікке көшу, саяси, әлеуметтік өзгерістердің әсері білім беру саласында қарқынды дами бастады. Жағымды жетістіктің бірі Қазақстан тарихына көңіл болу болғандықтан, арнайы мектептерде Қазақстан тарихын оқыту әдістемесін әзірлеу, өзектілігін білдірді. Сол себепті, Г.А. Аужанованың ғылыми жұмысы Қазақстан тарихын оқыту ерекшеліктері мен әдістеріне арналған.

А.Н. Аутаева естуінде ауытқуы барбалалардың дыбыс айтуын қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеген. Бұл зерттеу республикамыздың естуінде ауытқуы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу саласындағы алғаш ғылыми жұмыс болды.

1992 жылы Республикалық "Ақыл ой және дене дамуында кемістігі бар балалармен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу еңбекте оңалту" ғылыми -тәжірибелік орталықтың ашылуы ғылыми зерттеулерді белсенді өткізуді талап етті. Арнайы білім беру саласындағы жаңа өзгерістер, шетел тәжірибесімен танысу өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік тудырды.

Арнайы білім беруде жаңа технологиялардың енгізудің көрінісі, А.Т. Баймұратованың мүмкіндіктері шектеулі балаларға түзету жұмысында лекотека технологиясын әзірлеу жұмысы болды. Бұл ғылыми еңбектің нәтижесінде ӘБЕО орталығында лекотека бөлімі ашылып, мүмкіндігі шектеулі балаларға түзету көмегін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Біз тұжырымдай келе арнайы білім беру жүйесінің даму тарихын талдай отырып, сол кездегі шешілмеген келесі мәселелерді байқауға болады, олар:

- мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарының жоқтығы;
- балаларды ерте жастан анықтап, тексеріп, арнайы түзету арқылы қолдаудың дұрыс ұйымдастырмағаны;
- арнайы мекемелердің, мектептердің, бала-бақшалардың жетіспеуі;
- әдістемелік, нұсқаулық құжаттар мен бағдарламалардың болмауы;
- отбасында мүмкіндігі шектеулі балалары бар ата-аналармен дұрыс жүйелі жұмыстың жүргізілмеуі;
- арнайы білім беру ұйымдарында мамандардың жетіспеушілігі

Сонымен, өткен ғасырдың соңғы жылдары отандық арнайы білім беру жүйесі үшін ауыр тиген байқай отырып, сол жүйенің сақталып, әлемдегі жаңа бағыттарға сәйкес бет бұруын жетістік ретінде белгілеуге болады.

Республикадағы ауытқулары бар балаларға арнайы білім беру мен тәрбие беруге байланысты жүргізілген зерттеулер арқылы сол жүйенің мәселелері мен әлсіз жақтарын ғана анықтап қоймай, оның болашақта даму беталысын анықтауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. *Абаева Ф.А, Ерболат А.Е. Дефектология негіздері.- Алматы, - 2012ж.*
2. *Под ред. Воронковой В.В. Олигофренопедагогика. - М., -2008.*
3. *Под ред. Носковой Л.П. Дошкольное воспитание аномальных детей.- М., - 1994.*
4. *Ермаков В.П., Якунин Т.А. Развитие, обучение и воспитание детей с нарушениями зрения. - М., - 1990.*
5. *Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалары мен болашық дамуы». Алматы, -2008.*
6. *Под ред. Назаровой Н.М. Специальная педагогика.- М.- 2005.*

УДК 376.3

МРНТИ 14.29.29

Абаева Ф.А.¹, Л.А.Шотыбаева²

¹ *п.э.к доцент Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты-mail: abaeva70@bk.ru. Алматы қаласы, Қазақстан*

² *6M010500-Дефектология мамандығының 2-ші курс магистранты*

Laura.Shotybaeva.95@mail.ru

РГП «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті» Алматы қаласы, Қазақстан

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ СИПАТТАМА

Аңдатпа:

Мақалада сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері эксперимент негізінде анықталып, сипатталған. Соған сәйкес 3,5-5 жас аралығындағы балалардың сөйлеу тілінің даму көрсеткіштерін тексеру әдістемелері іріктеліп жасақталды. Тексеру әдістемелері сөйлеу тілінің барлық компоненттерін, яғни грамматикалық, лексикалық, дыбыс айту мен байланыстырып сөйлеу тілін анықтауға бағытталған. Мұнда сөйлеу тілінің жеке компоненттеріне талдау жасалып, ортақ көрсеткіштер есептелініп шығарылды. Бұл ақпарат мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларға қолданылатын коррекциялық технологияларды іріктеу үшін қажет. Іріктеу жұмысы болашақта коррекциялық технологиялардың қолдану тиімділігін арттыру үшін де, мектепке дейінгі балаларда сөйлеу тілінің жалпы дамымауын түзету үшін де маңызды. Ол балаларға кейінірек мектеп бағдарламасын сәтті игеруіне көмектеседі.

Түйін сөздер: сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, коррекциялық технологиялар, орталық жүйке жүйесінің резидуальды-органикалық зақымдалуы, байланыстырып сөйлеу тілін тексеру әдістемесі, сөйлеу тілінің дыбыстық құрылымының деңгейін тексеру әдістемесі, сөздік қорын тексеру әдістемесі, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын тексеру әдістемесі.

Аннотация

Абаева Г.А.¹, Шотыбаева Л. А.²

¹к.п.н., доцент кафедры Специального образования Казахского Национального педагогического университета имени Абая e-mail: abaeva70@bk.ru

*²Магистр 2-го курса по специальности 6M010500 - Дефектология
Laura.Shotybaeva.95@mail.ru*

РГП «Казахский государственный женский педагогический университет» город Алматы, Казахстан

Особенности разговорной речи детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи

В статье приведены результаты собственных исследований особенностей развития речи детей с общим недоразвитием речи. Проведен отбор необходимых методик для диагностики уровня речевого развития детей 3,5-5 лет с ОНР. Диагностические методики направлены на обследование всех компонентов речи, включая грамматику, звукопрогнозирование, лексику и связную речь. Здесь также приведены средние арифметические показатели по каждому компоненту речи. Данные результаты могут быть использованы для отбора коррекционных технологий, направленных на развитие речи детей с ОНР. Тщательный отбор коррекционных технологий с выявлением их эффективности способствует более быстрой и качественной коррекции речи у детей с общим недоразвитием речи. Преодоление ОНР-залог эффективного усвоения школьной программы.

Ключевые слова: общее недоразвитие речи, коррекционные технологии, резидуально-органическое поражение центральной нервной системы, методика определения уровня связной речи, методика оценки звукового и слогового анализа речи, методика выявления словарного запаса, методика проверки правильности грамматического строя речи.

Abstract

G.A.Abayeva,¹ L. A. Shotybaeva²

¹candidate of pedagogical sciences, associate professor . Kazakh national pedagogical University named after Abay, Institute of pedagogy and psychology. Almaty, Kazakhstan e-mail: abaeva70@bk.ru

*²2-nd year graduate student by specialty 6M010500 - Defectology
Laura.Shotybaeva.95@mail.ru*

RGP "Kazakh State Pedagogical University" Almaty, Kazakhstan

The features of the conversational speech of preschool age children with general underdevelopment of speech

The results of own researches described features of speech development among children with the general underdevelopment of speech. Selected necessary methods for the diagnosis the level of 3.5-5

yearschildren` speaking skills` development. Diagnostic techniques are aimed at examining all components of speech, including grammar, sound, vocabulary and coherent speech. Here also are shown the average arithmetic indicators for each component of speech. These results can be used to select correctional technologies aimed at developing the speech of children with the general underdevelopment of speech.. Selecting correction technologies may in the future help to identify their effectiveness and correct speech in children with the general underdevelopment of speech. This information can help children to learn school curriculum effectively.

Key words: general underdevelopment of speech, correction technologies, residual-organic dysfunction of the central nervous system, methodology for determining connected speech, methodology for sound and syllabic analysis of speech, methodology of vocabulary detection, methodology for determining the grammatical structure of speech.

Сөйлеу тілі-бала дамуының негізгі көрсеткіші. Ана тілі балаға қоршаған ортада өз орнын тауып, үлкендер мен қатарластарымен қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Тіл арқылы бала айналасын таниды, өз ойын жеткізеді. Сонымен қатар сөйлеу тілінің қалыпты дамуы балаға мектеп бағдарламасын жақсы игеруі үшін қажет.

Мектепке дейінгі жаста бала өз ана тілінің қалпын түсіне бастайды. Бала дыбыс қатарларын меңгеріп, сөйлем құрылымымен, антоним мен синонимдермен танысады. Монологты құрастырудың заңдылықтарын түсініп, диалог жүргізудің алғышарттарын меңгереді. Балалардың тілдік және тілдік емес құбылыстармен таныс болуы кейінірек мектепте оқу мен жазуды сәтті меңгеруге көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі балада белгілі бір жетістіктермен қатар тілдік дамуының қалпы анық байқала бастайды. Кез- келген дамудағы кешігу бала әрекеті мен мінезіне, тұлғалық қалыптасуына әсер етеді.

Сол себепті коррекциялық технологияларды қолданбас бұрын біз сол технология қажет болатын балалар контингентін біліп алғанымыз жөн. Сонда ғана біз кемістік ерекшелігіне қарай мақсатты бағытталған жұмыс жүргізіп, сөйлеу тілінің жалпы дамымауын жеңуде жақсы нәтиже ала аламыз. Сол үшін біз сөйлеу тілі жалпы дамымауын түзету үшін, коорекциялық технологияларды іріктеу мақсатында анықтаушы эксперимент жасауды жөн көрдік.

Анықтаушы эксперимент барысы

Анықтаушы эксперименттің басты мақсаты - сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілінің бастапқы қалпын анықтау. Эксперимент жүргізу үшін біз келесі әдістемелерді іріктеп алдық:

1. Ушакова, Струнина бойынша сөздік қорын тексеру әдістемесі (4-5 жас)
2. Стребелева бойынша сөйлеу тілінің дыбыстық құрылымының деңгейін тексеру әдістемесі. (4-5 жас).
3. Стребелева бойынша сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын тексеру әдістемесі.
4. Стребелева бойынша байланыстырып сөйлеу тілін тексеру әдістемесі.

Анықтаушы экспериментке 20 бала қатысты. Эксперимент таза болып шығу үшін диагнозы бірдей СТЖД 2-ші деңгейіндегі 3,5-5 аралығындағы балаларды алдық. Олардың сипаттамасына келіп тоқталсақ:

- балалардың барлығында орталық жүйке жүйесінің резидуальды-органикалық зақымдалуы байқалады;

- оның ішінде 1 балада органикалық түрдегі ашық ринолалия бар (ол қызға дер кезінде көмек көрсетіліп, ота жасалған; фразалық сөйлеу тілі қалыптасқан; сөздердің мағынасын түсінеді);

- 1 бала нашар естиді; сөздік нұсқауларды түсінеді, фразалық сөйлеуде ұқсас дыбыстарды шатастырып, дұрыс айтпайды;

Зерттеуде 2 орта топтың 20 баласы қатысты, балалардың орташа жасы 4 жас 3 ай.

Біз анықтаушы экспериментті кезеңдерге бөлдік:

1 кезең. Балалардың сөздік қорын тексеру тапсырмалары.

Ушакова, Струнина бойынша сөздік қорын тексеру әдістемесі (4-5 жас)

Тапсырма 1.

Мақсаты: Балалардың сөздік қорының қалыптасу деңгейін тексеру.

Логопед балаға қуыршақты көрсетіп, келесі сұрақтарды қоя бастайды.

1. Қуыршақ дегеніміз не ?

- 1) Бала анықтама береді (қуыршақ-ол ойыншық, онымен ойнайды);

- 2) Тек қана жекелеген сапалық қасиетін (қуыршақ әдемі) немесе іс-әрекетін (қуыршақ тұрып тұр) айтады.
 - 3) Тапсырманы орындамайды тек қуыршақ сөзін қайталайды.
- 2.Қуыршақтың үстіндегі киімі қандай ?
- 1) Бала 4 зат атауын айтады.
 - 2) Бала 2 зат атауын айтады.
 - 3) Айтпайды, тек нұсқап көрсетеді.
- 3.Қуыршаққа жүгіру үшін, қолмен бұлғауы үшін қандай тапсырма бересің ?
- 1) Бала бұйрық райды дұрыс қолданады: Сәуле жүгірші, қолыңды бұлғашы.
 - 2) Тек қана етістікті айтады: жүгір, қолыңды бұлға.
 - 3) Дұрыс емес формадағы етістікті қолданады.
- 4.Қуыршаққа қонақтар келді. Үстел үстіне не қою керек ?
- 1) Бала ыдыс сөзін айтады.
 - 2) Ыдыстың жекелеген түрлерін атап шығады.
 - 3) Тек қана бір затты айтады.
- 5.Қандай ыдыс-аяқ түрлерін білесің ?
- 1) Бала 4 зат атауын айтады.
 - 2) Бала 2 зат атауын айтады.
 - 3) Бала тек бір зат атауын айтады.
- 6.Нанды, шайды, қантты қайда салады ?
- 1) Барлық сұраққа дұрыс жауап береді.
 - 2) Тек қана 3 сұраққа жауап берді.
 - 3) Тек қана 1 сұраққа жауап берді.
- 7.Ыдыстарды бір-бірімен салыстыру. «Мына заттарда қандай айырмашылық бар ? (Әр түрлі ыдысы бар суретті көрсету)
- 1) Түсін ғана ажырата алады.
 - 2) Жекелеген сапалық қасиетін айтады (мына кесе жасыл түсті, ал анау кесе –қызыл түсті).
 - 3) Тек бір өзгешелігін айтады.
- 8.Айтшы, мынау не ?
- Шыны әрі мөлдір стақан ба, құмыра ма ? Темір әрі жылтыр-шанышқы ма, пышақ па ? Саздан жасалған әрі оюланған- табақ па, кесе ме?
- 1) Барлық тапсырманы орындады.
 - 2) Екі тапсырманы орындады.
 - 3) Бір тапсырманы орындады.
- 9.Сөздің кері мағынасын тап. Бір стақан биік, екіншісі..... ;Мына кесе таза, ал анаусы-.....;
- 1) Барлық тапсырманы орындады.
 - 2) Екі тапсырманы орындады.
 - 3) Бір тапсырманы орындады.
10. Пышақтың сабы бар, Тағы ненің сабы бар ?
- 1) 3-4 заттың сабын айтады (үтік, шәйнек, сөмке).
 - 2) 2 сапты айтады (қазан мен шәйнек)
 - 3) Чашканың сабын көрсетеді.

Тапсырма 2.

- 1.Логопед допты көрсетіп «Бұл не ?» деп сұрайды.
 - 1) Бала анықтама береді (доп-ол ойыншық, ол дөңгелек болады);
 - 2) Тек қана жекелеген сапалық қасиетін айтады.
 - 3) Тапсырманы орындамайды, тек доп сөзін қайталайды.
 - 2.Лақтыру, қағып алу сөздерінің мағынасы неде ?
 - 1) Бала түсіндіре бастайды: лақтыру-біреуге допты бердім, ал екінші адам алды.
 - 2) Қимылмен көрсетіп-лақтырдым деп айтады.
 - 3) Тек қана қимылмен көрсетеді.
 - 3.Екі допты салыстыр: айырмашылығы мен ұқсастығы неде ?
 - 1) Бала сипаттай бастайды: екеуі де дөңгелек, резеңкеден жасалған, онымен ойнайды.
 - 2) Тек түсі бойынша айырмашылығын айтады.
 - 3) Тек бір сөз ғана айтады.
- Қандай ойыншықтарды білесің ?
- 1) Бала 4 ойыншық атауын айтады.

- 2) Бала 2 ойыншық атауын айтады.
- 3) Бала 1 ойыншық атауын айтады. [1]

Жауапты бағалау.

Егер бала № 1 жауапты таңдаса-3 балл, № 2-2 балл, № 3-1 балл беріледі. Егер баланың жауаптарының 2/3 3 баллға сәйкес келсе жоғары деңгей, ал 2 баллға есептелсе орта деңгей, ал 1 баллға есептелсе төменгі деңгей болып есептеледі.

Тексеруде балаға қуыршақ пен доп көрсетіліп, оның сапалық қасиетін, ерекшеліктерін атап өту одан талап етілді. Сөздік қорын тексеруде бір-бірімен жалғасын табатын сұрақтар қойылды: қуыршақтың киімі қандай, қонақ келсе алдына не қоясың, қандай ыдыс түрлерін білесің және т.с.с.

Кесте 1

Жоғарғы деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
2 (10 %)	8 (40 %)	10 (50 %)

Диаграмма 1



Зерттеу нәтижесі (Кесте-1) СТЖД балалардың сөздік қоры балалардың жартысында төмен деңгейде екендігін анықтап берді. Ал орта деңгей 40 %, төменгі деңгей 10 % екендігі анықталып отыр.

2-кезең. Стребелева бойынша сөйлеу тілінің дыбыстық құрылымының деңгейін тексеру әдістемесі. (4-5 жас).

1. «Дұрыстап тыңда» әдістемесі

Мақсаты: берілген дыбыс қатарларынан белгілі бір дыбысты бөліп ала алу қабілеті.

Құрал-жабдықтар: экран.

Тексеру барысы: «А» дыбысын естігенде қолыңды көтер деген нұсқаулық балаға беріледі. Логопед экранмен аузын жауып, келесі дыбыстарды айта бастайды: а, м, с, у, о, ш, а, ы.

2. «Қайтала» әдістемесі

Мақсаты: сөздің буындық құрылымын сақтай отырып қайталай алу қабілеті.

Тексеру барысы: Логопед баладан келесі сөздерді артынан қайталауын сұрайды. Сөздер қатары: машина, түйме, құрбақа, көбелек, сабын салғыш.

3. «Ата» әдістемесі.

Мақсаты: күрделі дыбыстық құрылымы бар сөздерді айта алу қабілеті.

Құрал-жабдықтар: заттар бейнеленген суреттер: тасбақа, аквариум, велосипед, ескерткіш.

Тексеру барысы: бала суреттерді қарап, атауы қажет.

4. «Суретті көрсет» әдістемесі

Мақсаты: бір-біріне ұқсас дыбысталатын сөздерді дифференциациялай алу қабілеті.

Құрал-жабдықтар: заттық суреттер.

Тексеру барысы: бала алдына қала-дала, түйме-күйме, сабын-табынның суреттер қойылады. Оған мағынасына қарай түймені көрсет немесе күймені көрсет деген нұсқау беріледі.

5. «Эхо» ойыны

Мақсаты: есту зейінін тексеру.

Тексеру барысы: педагог келесі буын тізбектерін айтып, балаға артынан қайталауын өтінеді: па-ба, ка-га, па-па-ба, та-да-та, па-бапа, та-та-да.

Жауапты бағалау.

Тапсырманың жартысын дұрыс орындаса орта деңгей, 1/3 бөлігін орындаса төмен деңгей, 2/3 бөлігін дұрыс орындаса жоғары деңгейге жатқызылады.

Балаларға күрделі сөздерді айту, дыбыстар қатарынан белгілі бір дыбысты бөліп алу, ұқсас дыбыстарды шатастырмай айту тапсырмалары берілді. Нәтижесі:

Кесте 2

Жоғарғы деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
2 (10 %)	7 (35%)	11 (55 %)

Диаграмма 2



Нәтижеде сөйлеу тілінің дыбыстық құрылымын сақтай отырып айта алу қабілеті (кесте 2) көрсетілгендей жақсы дамымаған. Барлық балалар күрделі сөздің буындық құрылымын сақтай отырып сөйлеуде қате көп жіберді. Фонематикалық есту қабілетін тексеруде берілген дыбысты дыбыстар қатарының ішінен жартысынан көбі бөле алмады. Ұқсас дыбыстарды ажыратуда да қате жіберді. Ал қарапайым құрылымы бар 2-3 буынды сөздерді айтуда көбісі қиналған жоқ.

3-кезең. Стребелева бойынша сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын тексеру әдістемесі.

1. «Ойыншықты жасыр» әдістемесі

Мақсаты: үстеулерді қолдана алу дағдысын тексеру.

Құрал-жабдықтар: ойыншықтар-қоян, машина, қорап.

Тексеру барысы: балаға келесі іс-әрекеттерді жасауды ұсынады. Мысалы: «Қоянды машинаның астына жасыр. Қайда жасырдың? Ал енді оны қораптың ішіне сал. Қоянды машина үстіне отырғыз. Қоян қайда отыр?» және т.б.

2. «Көпше түрін айт» әдістемесі.

Мақсаты: зат есімнің көпше түрін жасай алу дағдысын анықтау.

Құрал-жабдықтар: бір және бірнеше бірдей бейнеленген заттардың суреттері: қуыршақ-қуыршақтар, әтеш-әтештер, хат-хаттар және т.б.

Тексеру барысы: балаға суреттерге қарап, бейнеленген суреттерді атау нұсқаулығы беріледі.

3. «Нелерді жасырдым» әдістемесі

Мақсаты: зат есімді көпше түрде табыс септігінің жалғауымен қолдана алу қабілетін тексеру.

Құрал-жабдықтар: үйлер, қарындаштар, кітаптар бейнеленген суреттер.

Тексеру барысы: логопед балаға суреттерді көрсетіп, есінде сақтап қалуын сұрайды. Сосын бала көзін жұмып отырғанда бір суретті алып тастайды да, нені жасырып қойғанын табуды сұрайды.

Жауапты бағалау.

Тапсырманың жартысын дұрыс орындаса орта деңгей, 1/3 бөлігін орындаса төмен деңгей, 2/3 бөлігін дұрыс орындаса жоғары деңгейге жатқызылады.

Кесте 3

Жоғарғы деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
3 (15 %)	6 (30 %)	11 (55 %)



Бұл жерде көптік жалғауларды балалардың жартысынан көбі дұрыс қолдана алды. Ал септік жалғауларды қолданудан барлығы дерлік қате жіберді. Үстеулердің мағынасын түсінгенімен, ситуациялық жағдаятта дұрыс қолдана алмайтындығы анықталды. (Кесте-3)

4-кезең. Стребелева бойынша байланыстырып сөйлеу тілі тексеру әдістемесі.

1. «Айтып бер» әдістемесі

Мақсаты: байланыстырып сөйлеу тілінің диагностикасы.

Құрал-жабдықтар: «жаңбыр» сюжетті картинкасы.

Тексеру барысы: балаға картинкаға қарап, не бейнеленгенін айтып беруін сұрайды. Айту қиынға түссе, келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылады:

«Суреттен кімді көріп тұрсың ? Қыз не істеп жатыр ? Балалар не істеп жатыр ? Қыз кіммен ойнап жатыр ? Балалар қайда жүгіріп бара жатыр ? Балалар не үшін жүгіріп бара жатыр ?».

2. «Тақпақ айтып бер» әдістемесі

Мақсаты: байланыстырып сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау.

Тексеру барысы: баладан тақпақ айтып беруі талап етіледі. Айта алмаса педагог өзі айтқан балаға таныс тақпақты жалғастыруын сұрайды [2].

Жауапты бағалау.

Тапсырманың жартысын дұрыс орындаса орта деңгей, ешбірін орындай алмаса төмен деңгей, барлығын дұрыс орындаса жоғары деңгейге жатқызылады.

Бала сурет бойынша тірек сұрақтар арқылы не көріп тұрғандығын баяндай алу қабілеті мен ойды жалғастыра алу деңгейі тексерілді.

Кесте 4

Жоғарғы деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
2 (10 %)	10 (50 %)	8 (40 %)

Диаграмма 4



Бұл жерде балалардың жартысы суреттегі объектілерді тапты. Бірақ барлығы дерлік өз бетінше әңгіме құра алмады. Педагогтің сұрағы арқылы жауап беріп отырды. (Кесте-4)

Қорытындылайтын болсақ экспериментке қатысқан балалардың сөйлеу тілінің қалпы мен ерекшеліктері анықталды. Сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтайтын тапсырмалар жинақталып, іріктелді. Эксперимент нәтижесі өңделіп келесі көрсеткіштерді көрсетті:

Кесте 5

Жоғарғы деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
11,25 %	38,75%	50%

Диаграмма 5



Сонымен мектепке дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілінің барлық құрылымдық коипоненттерін талдай келе, олардың барлығы дерлік нашар дамығандығын көрсетті. Бұл комплекссті коррекциялық технологияны қажет ететіндігі сөзсіз. Сондықтан біз болашақта коррекциялық технологияларды іріктеп алу үшін осы контингенттегі балаларға анықтауыш эксперимент жүргіздік. (Кесте-5)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ушакова О.С. Методика развития речи детей дошкольного возраста// -М. «Владос», 2004-288 бет. 10000 экз. ISBN 5-691-00871-4.
2. Гейци Э.Д. Диагностика детей дошкольного возраста. Учебное пособие для студентов педагогических вузов по курсу «Психолого-педагогическая диагностика детей»/ Э. Д. Гейци. -Н,:Издательство 000 «БОРА-ПРЕСС» 2006.-506 бет. ISBN 5-85921-658-1.

УДК : 376-056.26

МРНТИ: 14.29.00

Nabidullin A.S¹

*¹Abay Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

Lingua-cultural peculiarities of winged words and phrases of english language and the importance of their studying and usage by children with special needs

Abstract

Starting with the second half of the twentieth century, scientists brought up the importance of studying of the connection between national culture and the language on which this nation talks. Language is some kind of view on an inner world of a human being, a door to his soul. All his hopes, believes and life points can be traced in the way he speaks, in his native language. The connection between the culture and language is already a fact nowadays, and the whole picture on a certain nation is better seen through the prism of its language. That's why we decided to make English winged words and phrases as an object of this article. In them you can see the knowledge and identity of an ethnicity. The vast majority of winged words in English originated from a certain phenomenon and event. Most of them have been semantically grown over time and have a new significance level, while the other group has retained its original meaning. So, in every language there are a lot of simple word combinations that are understandable, short, meaningful and useful, imaginative and nationally identical. Among them the winged words play a special role, it can be used to describe many things, both structurally and in terms of content components. In this article, we also considered the ways and importance of learning of winged words and phrases by children with special needs. Their usage, not only has a potential to improve imagination and critical thinking of children, but also helps to adapt national peculiarities of the culture of the language they learn. All of this helps to improve the authenticity of children's speech.

Keywords: Lingua-cultural study, cognitive linguistics, defectology, winged words, children with special needs, language self understanding

Аңдатпа

Набидуллин А.С.¹

*¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

Қазақ және ағылшын тілдері негізінде қанатты сөздер мен тіркестерді аударудың лингвомәдени негіздері және оларды мүмкіндігі шектеулі балаларға үйрету мен қолданудың маңыздылығы

Қазақ ғылымында дербес, арнайы зерттеуді талап етіп отырған салалардың бірі – аударма әдебиеттің тілі. Аударма жасау үдерісіндегі мазмұн мен тұрпат межесінің сақталуы түптеп келген ұлттық бояуды сақтау мәселесіне алып келеді. Бұл – тіл біліміндегі жаңа бағыт лингвомәдениеттанудың нысаны.

Мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі қанатты сөздер мен тіркестерді аударудың лингвомәдени ерекшеліктері және сөз тіркестерін түсінікті, қысқа, терең мағына мен пайдаға тола және ұлттық ерекшеліктерге ие деп сипаттауға болатынын, сонымен қатар қанатты сөздер мен сөз тіркестерін мүмкіндігі шектеулі балаларға үйретудің маңыздылығын, жолдарын және мүмкіндіктерін қарастырып тоқталдық. Осындай сөздерді қолдануда мүмкіндігі шектеулі балалардың ойлауы мен қиялын дамытуға ғана емес, сонымен қатар сол тілде сөйлейтін адамдардың мәдени ерекшеліктерін қалыптастырып, шынайы сөйлеуіне жағымды әсер ететіндігін қарастырдық.

Соңғы кезде тіл білімінің құрылымды парадигмасының антропоцентристік парадигмаға өтуі нәтижесінде интегралды сипаттағы пәндердің пайда болуы байқалады. Лингвистика, философия, психология, әлеуметтік және мәдениет ғылымдары аспектілері негізінде, ең бастысы – тілдік құбылыстар адаммен, оның ойлауымен және практикалық қызметімен ұштастыра зерттелгенін мақаладан көрініс табады.

Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап ғалымдар халық мәдениеті мен сол халықтың сөйлейтін тілі арасындағы қарым-қатынасты зерттеудің маңыздылығын көтерген болатын. Тіл – бұл адамның ішкі әлемінің көрінісі, жан дүниесінің есігі. Оның барлық үміттері, наным-сенімдері ол сөйлейтін өз ана тілінде көрінеді. Қазіргі уақытта тіл мен мәдениеттің өзара байланысы талассыз факт болып табылады және белгілі бір халықты оның тілдік призмасы арқылы кеңінен түсініп, тануына жол ашады.

Түйін сөздер: лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, дефектология, мүмкіндігі шектеулі балалар, қанатты сөздер, тілдік өзін-өзі тану

Аннотация

Набидуллин А.С.¹

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая

Алматы, Казахстан

Лингво-культурные особенности крылатых фраз и выражений английского языка и важность их изучения и использования детьми с ограниченными возможностями

3. И.В.Дубровина, А. Д. Андреева, Е.Е.Данилова, Т. В. Вохмянина Психокоррекционная и развивающая работа с детьми: Учеб. Пособие-. -- М.: Издательский центр "Академия", 2012. -98 с.
4. Пузиков В.Г.Технология ведения тренинга. – СПб.: Издательство «Речь», 2007. – 224с.:илл. – Тренинг технологиясына кіріспе/ Орыс тілінен аударып және құрастырған А.А. Лиясова.- Алматы, 2011-237 бет
УДК 376.3;

УДК : 376.3.018.42

МРНТИ:14.29.29

С.Т. Бимбетова¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, 6М010500-Дефектология мамандығының 2 курс магистранты,

Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент А.Н. Аутаева

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада есту қабілеті зақымдалған балалардың тұлғааралық қатынастарының ерекшеліктері қарастырылған. Есту қабілеті зақымдалған оқушылардың тұлғааралық қатынастарын қалыптастыру мәселесі бойынша арнайы психологиялық, арнайы педагогикалық әдебиеттерге шолу жасалған. Тұлғааралық қарым-қатынасты дамыту мәселесінің өзектілігі: балалардың эмоционалдық жағдайының ауқаттылығын, олардың толеранттылық дәрежесін, өзін-өзі тануындағы даму деңгейі көрсетілген. Тұлғааралық қатынастың негізгі компоненті ретінде эмоционалды дамудың рөлі көрсетілген.

Бастауыш сынып жасындағы есту қабілеті зақымдалған балаларда тұлғааралық қарым-қатынастарды қалыптастыру және дамыту жұмыстарын жүргізу қажеттілігі көрсетілген. Есту қабілеті зақымдалған балалардың тұлғааралық қатынасына оқушының үлгерімі мен сыныптағы беделі арасындағы тығыз байланыстың болуы, оқушылар арасындағы тұлғааралық қатынастардың қалыптасуындағы мұғалімнің аса маңызды рөл атқаратынын көрсетілген.

Түйін сөздер: есту қабілеті зақымдалған балалар, тұлғааралық қатынастар, жеке тұлғалық қасиеттер, қарым-қатынас, эмоционалды даму ерекшеліктері, достық қатынас.

Аннотация

С.Т. Бимбетова¹

¹Магистрант 2 курса специальности 6М010500-Дефектология, КазНПУ им.Абая,

г. Алматы, Казахстан

Научный руководитель: к.п.н., доцент А.Н. Аутаева

Особенности межличностных отношений у детей с нарушением слуха

В статье рассматриваются особенности межличностных отношений детей с нарушениями слуха. Сделан обзор специальной педагогической и психологической литературы, посвященной формированию межличностных отношений детей с нарушениями слуха. Актуальность развития межличностных

отношений: эмоциональное благополучие детей, степень их толерантности, уровень развития самопознания. Показана роль эмоционального развития как основного компонента межличностного общения. Обоснована необходимость работы над формированием и развитием межличностных отношений у детей с нарушениями слуха начальных классов. Показана связь между межличностными отношениями детей с нарушениями слуха и их репутацией в классе, а также роль учителя в формировании межличностных отношений между учащимися.

Ключевые слова: дети с нарушениями слуха, межличностные отношения, личностные качества, отношения, особенности эмоционального развития, дружеские отношения.

Abstract

S.T.Bimbetova¹

¹Магистрант 2 курса специальности 6M010500-Defectology, at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

Supervisor: A.N. Autayeva/ Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

Features of interpersonal relations in children with violation of hearing

In the article features of interpersonal relations of children with hearing impairments are considered. The review of the special pedagogical and psychological literature devoted to the formation of interpersonal relations of children with hearing impairments is made. The urgency of the development of interpersonal relations: the emotional well-being of children, the degree of their tolerance, the level of development of self-knowledge. The role of emotional development as the main component of interpersonal communication is shown. The necessity of work on formation and development of interpersonal relations in children with hearing impairment of primary classes is grounded. The relationship between the interpersonal relations of children with hearing impairments and their reputation in the class is shown, as well as the role of the teacher in the formation of interpersonal relations between students.

Key words: children with hearing impairment, interpersonal relations, personal qualities, relationships, emotional development, friendly relations.

Белсенді тұлғаның негізгі қасиеттерінің дамуы мектеп жасында басталып, көбінесе әлеуметтік қоғамда дамуына байланысты болып келеді. Бастауыш сынып жасы психикалық дамудағы тұлғалық қасиеттердің, тұлғааралық қарым-қатынастың қалыптасатын уақыт аралығы болып келеді. Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясына сәйкес балалардың психикасының дамуы ересектермен және құрдастарымен өзара байланысы процесінде жүреді.

Баланың әлеуметтік дамуы кезінде ода адамға тән психикалық жұмыс түрлері, әлеумет арасындағы нормалар мен ережелерді, әлеуметтік мінез-құлықтарды, моральдық сезімдердің қасиеттері туралы және адамгершілік ұғымдарды игеру қалыптасады. Қазіргі кезеңде азаматтық тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу үшін жағдай жасау Ресей мемлекеті саясаттың негізгі міндеті (А.Я. Данилюк, А.М. Кондаков, В.А. Тишков).

Тұлғааралық қарым-қатынасты дамыту мәселесінің өзектілігі: балалардың эмоционалдық жағдайының ауқаттылығын, олардың толеранттылық дәрежесін, өзін-өзі тануындағы даму деңгейін және, қорытындылап келгенде, есту қабілеті зақымдалған адамдардың қоғамда оңтайландыру кезіндегі жетістіктерін жақсарту болып табылады. Жалпы педагогикада есту қабілеті қалыпты балалармен есту қабілеті зақымдалған балалардың қарым-қатынасын қалыптастыру мәселесіне үлкен назар аударылады (В.Л. Белинский, А.Г. Белов, Н.Н. Белова, Т.Г. Богданова, Э.А. Вийтар, Ю.В. Гайдова, Ю.А. Герасименко, В.Г. Петрова, В. Петшак, Е.Г. Речицкая).

Есту қабілеті зақымдалған балалардың тұлғааралық қарым-қатынасының қалыптасу мәселесі ерекше маңызға ие, себебі есту қабілетінің нашарлауы және әлеуметтік оқшаулануы баланың топта тұлғалық дамуы ерекшелігінің пайда болуына әкеледі.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың тұлғааралық қарым-қатынасы В.Л. Белинский, 1972, А.Г. Белов, Н.Н. Белова, 1977, Э.А. Вийтар, 1981, Ю.В. Гайдова, 2005, М.М. Нудельман, 1983, В.Г. Петрова, 1971, В.С. Собкин, 1975 және т.б зерттеді.

Психологиялық климат пен тұлғааралық қарым-қатынас (Т.Г. Богданова, 1986, 2005), есту қабілеті мен тұлғааралық қарым-қатынас құрылымы зақымдалған балалардың тұлғалық және сөйлеу қабілетінің өзара әрекеттесуі (Т.Г. Богданова, 2005, В. Петшак, 1981), мұғалімнің тұлғааралық қарым-қатынас жағдайына жеке әсері (Ю.В. Гайдова, 2005), біріккен іс-шаралардың қарым-қатынас жағдайының дамуына әсері (Е.Г. Речицкая, 1997, 2000, Е.Г. Речицкая, Ю.В. Гайдова, 2013). сияқты аспектілер қаралды.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың тұлғааралық қарым-қатынасы қалыптасу мәселесі ерекше мәнге ие болады, себебі, есту қабілетінің зақымдалуы, сөйлеу қабілетінің дамуының артта қалуы және әлеуметтен оқшаулануы баланың тұлға ретінде дамуының ерекшелігімен шартталады.

«Естімейтін балада сөйлеу қабілетінің жоғы оның ұжымда толыққанды қарым-қатынасын қиындатып, ұжымнан бөліп, тұлғалық және жоғарғы психикалық функцияларының дамуында негізгі тежегіштердің бірі болып табылады» (Л.С. Выготский, 1994. 88бет).

Сыныпта есту қабілеті зақымдалған балалардың тұлғааралық қарым-қатынасының дамуы олардың сыныптас достарымен араласу, біріккен іс-шараларға қатысу, оқу сияқты қалауларында байқалатын оның эмоционалдық ауқатына байланысты.

«Дұрыс көзқарас кезінде өмір есігі кең ашылып, қалыпты адамдармен еңбек ету мүмкіндігі, әрекеттесудің жоғарғы формалары пайда болып, паразиттік қатерлерден арылып, бүкіл сурдопедагогиканың негізі бола алады» (Л.С. Выготский, 1995). Бастауыш сынып жасындағы есту қабілеті зақымдалған балалардың көбі уақытының басым бөлігін мектеп-интернаттарда өткізеді, сондықтан оларда тұлғааралық жақсы қарым-қатынастарын дамыту олардың жеке тұлға ретінде дамуында қажетті шарт болып табылады.

Мектептегі, еңбек ұжымындағы, топтағы, балалар және ересектер арасындағы жеке тұлғааралақ қарым-қатынас кезіндегі микроклиматқа қосымша невротикалық реакциялар туындататын жарақаттаушы бұзылыстардың әсерінің күшеюі немесе жоғалуы тікелей қатысты (Т.Г. Богданова, 2002).

Есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларында эмоционалдық саланы дамытуда белгілі ерекшеліктері бар.

Оларға білімсіздік, басқа адамдардың эмоционалдық көңіл күйін дұрыс бағаламау, эмоционалдық көңіл-күйге қате түсінік беру жатады.

Есту қабілеті зақымдалған бала микроәлеуметте дамуы кезінде оның айналасының эмоциялық әртүрлілігінен, көптеген эмоционалдық тәртіптер мысалдарынан арылған (Т.Суханова, 1995).

Балалар арасында өзара түсіністіктің, сенімділік жағдайдың жоқтығы, жолдасын құрметтей алмауы және оның пікірін тыңдай алмауы, өзін жолдасының орнына қоя алмауы сыныпта қақтығыстарға әкеліп соғады.

Мектеп сыныбында жағымсыз психологиялық ахуал, яғни, балалардың арасында қолайсыз қарым-қатынас, айқын қақтығыстар жағдайы бар болса, онда балалардың жалпы үлгерім деңгейі төмендейді, себебі бұл жағдайлар оның жеке тұлғалық қасиеттерін және танымдылық процесстерін дамытуға кері әсерін тигізеді.

Сыныптағы ауыр эмоционалдық жағдай, психологиялық қолайсыздық балада белгілі бір істермен, сонымен қатар, сабақпен де айналысқысы келмеуіне себеп болады. Бұл сабаққа деген қызығушылықтың жоғалуына және жалпы үлгерімнің төмендеуіне әкелуі мүмкін (Т.Г. Богданова, 2008, Е.Г. Речицкая, 2011). Мектеп сыныбындағы ұжымда қарым-қатынастардың бұзылуы есту қабілеті зақымдалған балаларда басқа адамдармен жағымды қарым-қатынас құруда қиындықтар туғызады, бұл өз кезегінде, олардың есту қабілеті қалыпты адамдардың және есту қабілеті зақымдалған адамдардың әлеуметтік ортасына кіру мүмкіндіктерін шектетеді. Есту қабілеті зақымдалған балалардың іс-әрекетіне қарым-қатынас қана емес, баланың сол қарым-қатынасты қабылдауы және күтілген бағаның әділдігі әсер етеді. Есту қабілеті зақымдалған балаларда күтілудегі баға төмен немесе жоғары болып келеді (М.М. Нудельман, 1983). Жолдастарының өзіне деген қарым-қатынасын бағалай білу, тұлғаралық қарым-қатынас жүйесінде өз орнын анықтай білу баладан көрінетін микроклиматтың қасиетін көрсетеді. Өз жетістіктерін білу, топтың құндылық бағдарларына деген ұмтылыстарының сәйкестігі жеке тұлғаның өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді. (Э.И. Вийтар, 1981).

Бастауыш сынып жасында балаларда ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға байланысты болып келетін өзін-өзі бағалауы қалыптасады.

Сурдопсихологияда есту қабілеті зақымдалған балаларда өзін-өзі бағалауын дамыту мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулер олардың есту қабілеті қалыпты балалармен салыстырғанда өзін-өзі тануды дамытуда бір сатыдан екіншіге өтуі екі-үш жылға кейін жүретінін көрсетті (В.Л. Белинский, 1972, Т.Г. Богданова, 2005, А.П. Гозова, 1979, И.В. Кривонос, 2001, Т.Н. Прилепская, 1989). Өзін-өзі бағалауы баланың адамдармен өзара қарым-қатынасына, баланың өз жетістіктері мен сәтсіздіктерін қалай қабылдайтынына байланысты болып келетін жұмысының тиімділігі әсер етеді. Бастауыш сынып жасында есту қабілеті зақымдалған балаларда олардың өзін-өзі бағалауы әлі толық қалыптаспаған, әдетте, есту қабілеті қалыпты құрдастарының өзін-өзі

бағалауына қарағанда жоғары болып келеді. Есту қабілеті зақымдалған және естімейтін бастауыш сынып оқушыларын салыстырмалы түрде зерттеулер кезінде есту қабілеті зақымдалған балаларда өзін-өзі бағалауы лайықты, әрі төмендеу, ал естімейтін балаларда – жоғары екені анықталды. Есту қабілеті зақымдалған балалар естімейтін құрдастарымен салыстырғанда өздерін оқушы және тұлға ретінде қаталырақ бағалайды(Н.В. Лозовацкая, 2000).

Естімейтін баланың өзін-өзі дұрыс бағаламауынан, яғни, оның ұмтылыстары оның мүмкіндіктеріне сай келмеуінен баланың іс-әрекеті сәйкес емес бола бастайды (В.Г. Петрова, 1971). В.Л. Белинскийдің зерттеулері бастауыш сынып жасындағы естімейтін балалардың өздерін жеткілікті түрде қатал бағаламайтынын, әдетте олардың бағалары нақты жағдайға қатысты болып келетінін көрсетті(В.Л. Белинский, 1972).

Бастауыш сынып жасындағы есту қабілеті зақымдалған балаларда тұлғааралық қарым-қатынастарды қалыптастыру және дамыту жұмыстарын жүргізу қажеттілігі ары қарай көрсетілген. Есту қабілеті зақымдалған балаларда басында өзара қарым-қатынастарда түсіністік қасиеттерінің қажеттілігі басым болады. Есту қабілеті зақымдалған балаларда адамдар арасындағы қарым-қатынастар жайлы, өз міндеттері шеңбері жайлы ойлары кеңейеді. Мектепке орналасқан соң есту қабілеті зақымдалған балаларда қарым-қатынас жүйесі қиындай түседі, себебі, қарым-қатынас шеңбері мейлінше ұлғаяды және оған көптеген адамдар кіре бастайды. Айналасындағы адамдармен балада әр-түрлі қарым-қатынастар бекітіледі, сөйлесу тақырыптары күрделенеді және кеңейеді.

Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып жасындағы есту қабілеті зақымдалған балаларда сөздік қоры аз, сондықтан оларға тұлғааралық қарым-қатынастар мен жеке тұлғалық қасиеттер жайлы т.б түсініктерді қабылдау қиынырақ (Т. А. Власова, 1954, Н.Г. Морозова, 1963).

Есту қабілеті қалыпты бала адамның эмоционалды жағдайын, тұлға қасиеттерін, адамдар арасындағы қарым-қатынастар жайлы түсініктердің арасындағы айырмашылығын ерте түсіне бастайды. Егер ересек адам есту қабілеті қалыпты баланы қай жағдайда өзін қалай ұстау керек екенін жүйелі түрде үйретіп отырса, балада құрдастарымен жағымды достық қарым-қатынастары қалыптасады. Есту қабілеті қалыпты балалардың сөйлеуінің қалыптасуы қарым-қатынас құралы ретінде мектеп жасына дейін орнығады, бұл тәрбие беруде, баланың жеке дамуында қолайлы жағдайлар тудырады. (Д.Б. Эльконин, 1958). Жоғары сынып жасында есту қабілеті қалыпты бала сөздерді – белгілерді дұрыс қолдана алады, салыстыра алады, заттардың өзіндік қасиеттерін қарсы қоя алады қарапайым эмоционалды-бағалау категорияларды ұстана алады. Отандық сурдопедагогикада баланы әлеуметтік тәрбиелеудегі шарты ретінде сөйлеу қарым-қатынасын дамытуға ерекше көңілді мектеп жасына дейінгі ересектеу жасында бөле бастайды. Есту қабілеті зақымдалған балаға жеке тұлғалық қасиеттерді, адам ара қатынасын білдіретін түсініктерді айыру ауыр тиеді, себебі, сөздік ойлануы дамуы тежеледі. Есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушылары объектілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын белгілеуде қиындықтарды сезеді, оларға объектілердің арасындағы және жанындағы байланыстар мен қатынастарда жалпыланған бағыттау тәсілдерін қолдану ауыр болып келеді (А.П. Гозова, 1979). Естімейтін балалар құбылыстар, оқиғалар, адамдардың қылықтары арасындағы қарым-қатынастарды және олардың логикалық байланыстарын ауыр меңгереді, осы қарым-қатынастар анық көрінетін себеп-салдарлық қатынастарды көрнекті жағдайларға қатысты ғана түсінеді, кейбір құбылыстар мен жағдайлардың жасырынған себептерін көре алмайды(Т.Г. Богданова, 2009, Т. А. Власова, 1954, Т.В. Розанова, 1983).

Есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушылары есту қабілеті қалыпты балалар сияқты адамдармен байланыс орнатарда олардың, бірінші кезекте, сыртқы келбетіне, өзін ұстау жағдайына, бет әлпетіне, көзіне, мимикасына көңіл аударады. Бірақ нашар еститін бала адамдардың сыртқы белгілерін өзінше түсінеді, ол оның әлеуметтік тәжірибесінің және әлеуметтік ойларының шектеулігіне байланысты (Ю.В. Гайдова, 2005, В. Петшак, 1981, Т.В. Суханова, 1995).

Есту қабілеті зақымдалған балалар сұхбаттасушы туралы мәліметтерді қабылдай отырып, оларды тіпті екінші рет қайталаған кезде де толық меңгермейді. Сандық жетіспеушілік сапалық жетіспеушілікпен қиындатылады: келіп түскен ақпарат толыққанды емес, үзінді, өзгертілген болуы мүмкін. Танып-білу белсенділігінің төмендеуі ақпараттың аздығына байланысты болуы мүмкін, қажетті материалдың жоқтығы әрі қарай онымен жұмыс жасауға, жалпылауға әсер еткен кезде, өз кезегінде, ақпаратты қабылдауда кемшіліктерге әкеліп соғады(О.О. Малхасьян, 2000).

Сондықтан, есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істеу кезінде атакты сурдопедогог С.А.Зыков әзірлеген коммуникативті жүйе маңызды рөл атқарады, ол есту қабілеті зақымдалған балаларда сөздерді қабылдауын ұйымдастыруға психологиялық негізделген тәсіл ұсынды. Есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының тұлғааралық қарым-қатынасын дамыту әрқашан коммуникативтік жүйе принципіне, яғни, бірлескен іс-шаралар жағдайында сөйлесуді дамыту принципіне сүйену керек. Тәрбие жұмысының жетістігі, тұлғаның белгілі қасиеттерін қалыптастыруға бағытталғандығы, ол жұмыстың қалай ұйымдастырылғандығына байланысты. Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектеп жағдайында коммуникацияны оқыту әртүрлі жұмыстар арқылы жүзеге асады, себебі, сөйлесу іс-әрекеттерін шығаруға арналған ынталандыру базасы оқушылардың іскерлік қарым-қатынасы процессінде пайда болады. Біріккен жұмыстар формаларын пайдалануға естімейтін және есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлесу қарым-қатынасының белсендеуі, мұғаліммен және өзара сөйлесу қабілетінің қалыптасуы байланысты (С.А. Зыков, 1997. Т.С. Зыкова, 2000). Есту қабілеті зақымдалған оқушыларды сөйлесу қарым-қатынасына үйрету үшін диалогтағы сөздерді тыңдай алу және түсіне алуды жетілдіріп отыру керек, балалардың алдына сол немесе басқа сұхбаттың, сұрақтың және оның жауабының мазмұнын жаттап алу сияқты мақсат қою керек. Есту қабілеті зақымдалған балаларға бұл тапсырма, оны жүзеге асыру барысында белгілі тәртіпті талап ететін қиын тапсырма болып келеді. Диалогтық сөйлесу формаларын қолданудағы жаттығулар есту қабілеті зақымдалған балалардың айналасындағы адамдармен сөйлесу қарым-қатынасының сәтті дамуында, өз бетінше байланыс орнатуда маңызды рөл атқарады (А.Г. Зикеев, 1968). Бастауыш сыныптардағы есту қабілеті зақымдалған балалар сұхбаттасушы серігінің іс-әрекеттерінің себептерін және оның эмоциялық жай-күйін анықтауда қиындықтарды сезінеді

Есту қабілеті зақымдалған оқушылардың суретке сүйеніп персонаждардың эмоциялық жай-күйін жақсы түсіну қабілеті бастауыш сынып жасының аяғына қарай дамиды (В. Петшак, 1981).

Басқа зерттеудің нәтижелері есту қабілеті зақымдалған балалардың есту қабілеті қалыпты құрдастарымен салыстырғанда эмоционалды-бағалау жағдайының, эмоциялық жай-күйді білдіретін сөздерді қолдануында, берілген эмоцияларды туғызатын себептерді атауда едәуір артта қалуының көрсетгі (Т.Ю. Кулигина, Е.Г. Речицкая, 2008). Осылайша, есту қабілеті зақымдалған балалардың олардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынасының қиындықтары байланыстың шектеулігіне, ақпаратты өңдеу процесінің баяулығына, әлеуметтік тәжірибені өздiгiнен игеру мүмкiндiктерiнiң шектеулігіне байланысты. Бастауыш сынып жасындағы есту қабілеті зақымдалған балалар үшін тұлғааралық қарым-қатынас жетістігі олардың топтың ішінде және топтан тыс әлеуметтік бейімделуі мәселесімен тығыз байланысты. Есту қабілеті зақымдалған балаларға өздiгiнен әлеуметтік қарым-қатынастар саласына кіріп олардың тұлғааралық қарым-қатынастар дағдыларын игеру өте ауыр. Қарым-қатынас процесіндегі қиындықтар баланы адамдармен қарым-қатынастар қалыптастыруына деген ұмтылыстарын төмендететін психологиялық ыңғайсыздықтарға әкеліп соғады. Есту қабілеті зақымдалған балалардың есту қабілеті қалыпты адамдар арасына әлеуметтік бейімделуі мәселелерін шешуде басты рөл педагог-дефектологқа бөлінеді. Бастауыш сыныптарда оқушылардың ұжымы енді ғана қалыптасады, соған байланысты, әр оқушының ұстанымы негізінен мұғалім арқалы орнатылады. Бастауыш сынып жасында сынып, ұжым сияқты оқушыларға беделді әсер етеді де балалардың бағасының дамуына, айналасындағылармен белгілі қарым-қатынастары тәсілінің, сөйлесу стилінің қалыптасуына ықпал етеді (Т.Г. Богданова, 2005, Р.М. Боскис, 1988, А.Г. Зикеев, 1976, Е.Г. Речицкая, 2009). Педагог пен балалар арасындағы қарым-қатынасты басшы мен жұмысшы қарым-қатынасы ретінде қарауға болады. Мұғалім бастауыш сыныптардағы есту қабілеті зақымдалған және қалыпты оқушылар үшін беделді тұлға болып табылады (И.П. Андриаді, 1999, Н.П. Аникеева, 1999, Т.Г. Богданова, 2004, Ю.В. Гайдова, 2005, А.А. Леонтьев, 2001, Н.М. Назарова, 2009, А.В. Петровский, 1980, Е.Г. Речицкая, 2004 және т.б).

Оңтайлы педагогикалық қарым-қатынас оқуда қолайлы эмоционалды ауа райын қамтамасыз етеді (А.А. Леонтьев, 2001).

Дефектолог-мұғалім бастамашы, өзінің кәсіби жұмыстарының сәтті нәтижесінің сенімділігі бар, мейірімділік, әдептілік, оптимизм сияқты кәсіби қасиеттерге ие болуға ұмтылуы керек (Н.М. Назарова, 2009). Балалармен жақсы байланыс орнатуға ұмтылып, балаларды өзіне қарата алып, сурдопедагог осылайша балалардың қарым-қатынасын реттейді. Балалар мұғалімге сенім артады, оны тыңдайды, сондықтан, мұғалімнің балаларға деген қатынасына байланысты мұғаліммен балалардың арасындағы қарым-қатынасы қалыптасады. Егер есту қабілеті зақымдалған балалардың педагогқа қарым-қатынасы жақсы болса, онда педагогтың балаларға

әсер етуі оңтайлы болмақ. Есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс кезінде педагог ол балаларға есту қабілеті қалыпты балалардан қарағанда ұзағырақ беделді тұлға болатынын ескеру керек (Э.А. Вийтар, 1981, В.Г. Петрова, 1971). Педагогтың көмегімен есту қабілеті зақымдалған балалар ұжымның мейірімді, сезімтал әрқашан бір-біріне көмекке келетін, қарым-қатынас кезінде туындаған мәселелерді бейбіт жолмен шешуге тырысатын құрдастарынан құрылған топ екенін түсінуді үйренеді. Ауытқуы бар балалар үшін арнайы мектептегі педагог жалпы білім беру орталығындағы рөлімен салыстырғанда үлкен әлеуметтік беделге ие болып келеді. Есту қабілеті зақымдалған балалар үшін моральды келбетімен, тәртібімен, іс-әрекетімен оларға үлгі болатын мұғалім ғана оларға беделді тұлға бола алады. Мұғалімнің құндылығы есту қабілеті зақымдалған балалар үшін біріншіден оның көзқарасының кеңдігінде және барлық заттарды орындай алу қабілетінде. Педагог әр салада өзінің, ең бастысы, өнердегі, техникада, спортта біліктілігін көрсетсе болғаны ол оқушы үшін барлық сұрақтарды шешуде беделді тұлғаға айналып шыға келеді. Мұғалімнің еңбексүйгіштігін, мейірімділігін, әділдігін және қаталдығын сыйлайды (Г.Н. Пенин, 1999, В.С. Собкин, 1997). Бастауыш сынып жасындағы есту қабілеті зақымдалған балаларда қалыптасқан қарым-қатынастар құрылымы олардың жеке тұлға ретінде дамуының деңгейімен ғана емес, мұғалімдердің мектепте қалыптастырған жағдайларымен де анықталады. Сондықтан сыныптағы қолайлы психологиялық ауа-райы, әр баланың жеке дамуына белсенді әрекеті педагогтың жұмысының тиімділігінің көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Мұғалімнің кез келген қызметі белгілі түрде сыныптың эмоционалдық жағдайына, әр оқушының сабаққа қатысу дәрежесіне әсер етеді. Сондай-ақ сурдопедагогтың міндетіне адамдармен, бірінші кезекте даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеудің психологиялық аспектілерін білу кіреді.

Есту қабілеті зақымдалған балалар арасында бірлескен-бөліскен жұмыстарды ұйымдастыра отырып, педагог оқушылардың ынтымақтасқан қарым-қатынастарын дамыту мақсатында қолайлы жағдайлар жасайды. Бірлескен жұмыстарда ортақ пән есту қабілеті зақымдалған балаларда байланысты, қарым-қатынасты дамытуға көмектеседі. Сыныптағы және сыныптан тыс жұмыстарда бірлескен-бөліскен қызмет формаларын («кішкентай мұғаліммен» жұмыс, жұптасып, үшеуленіп, топтасып) кең қолдану олардың сөйлеуін ұйымдастыруға, сөздік қорын кеңейтуге, ұжымдық байланысты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Диалогтық қарым-қатынасты дамытуда сұхбаттасуда серіктестікті орнату, сұхбаттасушы серігінің жеке көзқарасын және оны қорғау құқығын мойындау, серігін есту және тыңдай алу, түсіністік қабілетінің болуы қолайлы әсер етеді. Бірлескен-бөліскен қызмет кезіндегі қарым-қатынас өзара тең адамдар арасында болады. Дәл осындай жағдайларда баланың моральдық ұстанымы және лайықты тұлғалық моральдық қасиеттері (басқа адамның ұстанымына көшу, оның пікірін қабылдау және т.б.) қалыптасады (Т.С. Зыкова, 2000, Е.Г. Речицкая, 2004, 2011). Есту қабілеті зақымдалған балаларды тәрбиелеу кезінде олардың қарым-қатынас ортасын кеңейтуге, басқалармен араласу кезінде қарым-қатынас ережелері мен нормаларын қабылдауға, қарым-қатынас процесінде басқалардың эмоционалдық жай-күйін, олардың жеке тұлғалық қасиеттерін анықтай алу қабілетін қалыптастыруға, моральдық тәртіп ережелерін орындауына жағдайлар жасау керек

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Речицкая, Е.Г. *Формирование отношений сотрудничества в процессе учебной деятельности слабослышащих школьников младших классов // Вопросы теории и практики сурдопедагогике. - М., 2000. - Вып.1. - С. 96-101.*
2. Вийтар, Э.А. *Особенности понимания дружеских отношений у слабослышащих школьников: сб. науч. тр./ Исследование личностидетей с нарушениями слуха. - М.: АПН РСФР, 1985. - С.6-13. Выготский Л.С. Проблемы дефектологии. - М.: Просвещение, 1995. - 527 с.*
3. Зыкова, М.А. *Самостоятельное общение глухих школьников в процессе совместной деятельности. // Дефектология. - 1995. - № 4. - С. 38-43.*
4. Гайдова, Ю.В. *Формирование межличностных отношений детей с нарушением слуха младшего школьного возраста: Автореф. дис. ...канд. пед. наук / Ю.В. Гайдова. - Москва, 2005, - 24 с.*
5. Лисина, М.И. *Формирование личности ребенка в общении. - СПб: Питер, 2009. - 320 с.*
6. Хабаршы

УДК: 376.3

МРНТИ: 14.29.37

Даурамбекова А.А.¹, Махадилова М.С.², Керимбек М.К.^{3,1}, Абулгазинова Д.Н.^{3,2}, Аралбек Г.А.^{3,3}, Қожахмет І.Б.^{3,4}, Исмаил А.Ш.^{3,5}

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы білім беру кафедрасы аға оқытушысы asiya.abenovna@mail.ru

²Орталық Азия Университеті, педагогика және гуманитарлы пәндер кафедрасы магистр, аға оқытушы makpal_12_91@mail.ru

^{3,1-3,5}Орталық Азия Университеті 4 курс студенттері.

ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Мақалада шет елдердегі инклюзивті білім беру жүйесінің жағдайы жан-жақты зерттелген. Европа елдері арасындағы инклюзивті білім берудің салыстырмалы көрсеткіштері келтірілген.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру жүйесі, денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалар, ерекше оқытуды қажет ететін балалар, АҚШ-та, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Жапония, Оңтүстік Африка, процесс, ашық диалог.

Даурамбекова А.А.¹, Махадилова М.С.², Керимбек М.К.^{3,1}, Абулгазинова Д.Н.^{3,2}, Аралбек Г.А.^{3,3}, Қожажмет І.Б.^{3,4}, Исмаил А.Ш.^{3,5}

¹Старший преподаватель кафедры специального образования КазНПУ им. Абая asiya.abenovna@mail.ru

² Университет Центральной Азии, факультет педагогики и гуманитарных наук, магистр, старший преподаватель makpal_12_91@mail.ru

^{3,1-3,5} Университет Центральной Азии, студенты 4 курса.

Условия инклюзивных систем образования в зарубежных странах

Аннотация

В статье рассматривается состояние систем инклюзивного образования за рубежом. Даны сравнительные показатели инклюзивного образования европейских стран.

Ключевые слова: система инклюзивного образования, дети с особыми потребностями в обучении, США, Канада, Австралия, Новая Зеландия, Япония, Южная Африка, процесс, открытый диалог.

Daurambekova A.A.¹, Makhadilova M.S.², Kerimbek M.K., Abulgazimova D.N., Aralbek G.A., Kozhakhmet I.B., Ismail A.Sh.³

¹senior Lecturer, Department of Special Education KazNPU named after Abai

²University of Central Asia, Master, Senior Lecturer makpal_12_91@mail.ru

³students of the University of Central Asia.

Conditions of the inclusive system of education in foreign countries

Abstract

The article examines the state of the system of inclusive education abroad. Comparative indicators of inclusive education among European countries are given.

Keywords: system of inclusive education, DWO, children with special needs of education, USA, Canada, Australia, New Zealand, Japan, South Africa, process, open dialogue.

Бүкіл әлемде педагогикалық жүйені жетілдіру басымдықтарының бірі ретінде инклюзивті білім беру концепциясының теориялық негіздерін жалпы білім беретін мектептердің тәжірибесіне енгізудің тиімді жолдарын іздеуге негіз болды. Шет елдік зерттеушілердің денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті білім беру жүйесіне енгізу тәжірибесін талдау мақсаты осы процесті жүзеге асыруға бірыңғай ғылыми негізделген тәсілдің жоқтығының, «ерекше оқытуды қажет ететін» терминімен келіспейтіндігі, мектептердегі білім беру, тәрбиелеу жүйесі, ұйымдастыру құрылымының өзгеруі бірқатар кедергілерді тудырды.

Сонымен қатар, осы кедергілерді жеңудің объективті қажеттілігі елдер арасындағы педагогикалық стратегияларды іздеу және дамыту бойынша ашық диалог пен ынтымақтастықты нығайтатын ынталандырушы факторжалпы білім беру жүйесінде нақты педагогикалық процесте инклюзивті білім беру тұжырымдамасының теориялық негіздерін енгізудің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай платформа болып табылады.

Қазіргі таңда Европа елдерінде, АҚШ-та, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Жапония, Оңтүстік Африка денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру жүйесін дамытудың жалпы тенденциялары анықталған. Бірақта, жалпы білім беретін мектептерде аталған процесті ұйымдастыру тәсілдерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар [1].

Біз шет елдік әдебиет көздерін талдай келе жалпы нұсқаулардың бірі-орталықсыздандыру процесі. Австрия, Германия, Греция, Португалия, Франция, Исландия, Норвегия, Дания, Финляндия, Швеция, АҚШ, Канада, Жаңа Зеландия, Орталық Африка елдеріндегі білім берудің жергілікті органдары денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу үрдісін басқаруда жауапкершілікке ие.

Ведомствалар жалпы білім беретін мектептерде денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті түрде оқытуда педагогикалық ықпал етуді таңдауға, әлемдік және ұлттық білім беру жүйесінің мақсатына сай жүйелі бақылау мен мониторинг жүргізуде. Көбіне осы елдердегі жергілікті білім беру органдары денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептерде арнайы көмек пен қолдауды ұйымдастыру сұрақтарына, жалпы білім беретін мекеменің педагогтары осы топтағы балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас орнатуға, педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесіне ерекше назар аударуда.

Мысалы, Англияның ұлттық білім беру саясатына сай денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үрдісіне жергілікті білім беру органдары жауапты. Көрсетілген ведомствалар денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктеріне жүйелі бақылау мен мониторинг жүргізіп, мектептің ата-аналармен белсенді және үйлесімді қарым-қатынас ортануына, балаларға мектеп ішілік қолдау көрсетуге назар аударуда.

Англияда кемсітушілікке қарсы заңнама жүйесі жақсы дамығандықтан денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен ынтымақтаса қарым-қатынасты іске асыру маңызды мәселелердің бірі.

Ата-аналардың білім беру мекемелерінің білім алу қажеттіліктері бала құқықтарын сақтамау шағымдары 2002 жылы қабылданған Трибунал заңымен реттеледі. Англия үкіметі ақшалай қаражат ағынын бөлу туралы өз шешімдерін қабылдап барлық балаларға арнайы білім беру қажеттіліктерін қолдау үшін федералдық бюджеттің басым бөлігін бөледі. Шет елдік зерттеушілер мектептің қаржылық жүйесі ашық емес болғандықтан оны қадағалау қиын. Бұл үрдістің басқару жүйесін одан әрі жетілдіру үшін қаражаттар балалардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жұмсалады [1].

АҚШ та денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру жүйесі ел заңнамасымен реттеліп, ұлттық білім беру саясатына сай іске асады.

Алайда мектептің ұйымдық құрылымын өзгерту мәселесі денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру ортасының шектеулі шарттарын құру жергілікті білім беру органдары мен мектеп әкімшілігінің міндеттері.

Жаңа Зеландияның Ұлттық білім беру саясаты денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға қатынасы бұл балалардың жалпы білім беретін мектептерде білім алуға құқықтарын реттейді және 2014 жылға қарай ол жергілікті білім беру органдарына инклюзивтік мектептер құруды 100% қамтамасыз етуді тапсырды.

Жаңа Зеландия Үкіметі осы мақсатты жүзеге асыру үшін жауапкершілікті жергілікті білім беру органдарына тапсырады. Жалпы білім беретін мектептерде әр баланың қажеттілігін ескере отырып, жалпы мектеп бағдарламасына сай әрбір баланың қабілеттерін және мүмкіндіктерін дамытуға тиімді стратегиялар және қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді.

Финляндияда денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру мәселелері ұлттық деңгейде шешіледі. Фин педагогтары денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептерде оқи алатынына 90 % сенеді.

Исландияның жалпы білім беру Заңында инклюзивті білім беру барлық балалардың білім алуына жетекші рөл атқарады. Сонымен қатар арнайы мектептер мен арнайы сыныптар жұмыс істейді. Жалпы Ұлттық білім беру бағдарламасында білім мазмұны, объектісі, мақсаттары көрсетілген. Білім беру бағдарламасының деректемелері, әдістері, құрылымын әр мектеп өзі реттейді. Исландияның педагогтары денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне қарай дифференциалды әдістер арқылы базалық білім беруге бағытталған.

Шел елдік зерттеушілер орталықсыздандыру процесінде Швецияның тәжірибесін ерекше атап өтеді [2].

Швед білім беру жүйесінде балалардың әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз ету мақсатында 25 жылдан астам уақыт бойы өткізілген реформалары жақсы жетілдірілген басқару модельдерінде мақсатқа сай білім сапасын күшейтуге алып келеді. Швецияның әр бір мектебі ортақ мақсатқа сай қызмет етеді. Олар: барлық балаларға білім алуға тең құқықты қамтамасыз ету, осыған орай стратегиялары құрылып мектеп ішілік білім беру саясаты мен педагогтар командасын құру, білім берудің стратегиялық мақсатына жету үшін әдістерді таңдауға деген еркіндік ұсыну, балаларды жас және жеке даму ерекшеліктеріне сай топтастыру, сонымен қатар оқу пәндері шеңбері кеңейіп, ата-аналармен қатыр-атынас нығайту [2].

Алайда кейбір елдерде бұл процесс енді дами бастады. Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті білім алуын дамытуға көптеген кедергілер мен факторлар туындайды. Мысалы, Бельгияда денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті білім беру процесін дамыту қарама-қайшылықтарға яғни арнайы білім беруге қатысты ғылыми-негізделген тәсілдердің жетіспеуіне байланысты жай іске асуда. Жалпы білім беретін мектеп педагогтарының іс әреткетіндегі келіспеушіліктер, білім берудің мектеп ішілік тиімді жүйесінің болмауы елдегі инклюзивті білім беру жүйесінің дамуына кедергілер болды. Шет елдік зерттеулер денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті білім алу идеясына, арнайы көмек көрсетуге позитивті көзқараста екенін көрсетті. Бұл санаттағы балаларға инклюзивті білім беру процесінде басым рөл атқаратын арнайы білім беру жүйесі, ол білім беру жүйесінде және тұтастай қоғамда олардың әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз етуге қабілетті.

Арнайы педагогтар оқу үрдісін ұйымдастыруға белсенді көзқараста: сабақта және сабақтан тыс уақытта, денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға жеке және топтық көмек көрсету жүйесі, жалпы мектеп педагогтарына тәжірибелік көмек көрсету, сол сыныптағы дені сау балалармен тәрбие сабақтарын жүргізу, ата-аналар мен мектептің ара-қатынасын орнатуда. Педагогтар мен оқушыларға арнайы қолдау көрсетуді- денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау орталықтарының түзету педагогтары атқарады. Арнайы педагогтың міндеті жалпы мектептің педагогтарын жұмыс ерекшеліктерімен, әдістерді, оқыту бағдарламаларын жоспарлауға ақпараттандыру.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға жеке қолдау көрсету оқу процессінде уақытша пайда болған қиындықтарды жеңуге бағытталған.

Бұл мамандар негізінен сыртқы консультант-кеңесшілер болғанына қарамастан, осы балаларға инклюзивті білім беру үдерісіне жауапкершілік тапсырылған.

Талдау жұмыстары көрсеткендей, тәжірибеде жалпы білім беретін мекеме педагогтары балаларды біріктіріп оқыту процесінде қиындықтармен кездеседі және балалардың ата-аналары мен педагогтардың алаңдаушылық жағдайымен сипатталады. Педагогтардың типтік қиындықтары инклюзивті білім беру жүйесі жайлы жеткіліксіз ақпарат алғандығы, денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау-басқарудың ішкі жүйесінің болмауы, инклюзивті білім беру жүйесінде арнайы педагогтар, медицина ғылым саласы мамандары, қоғамдық ұйым мүшелері көрсететін сыртқы қолдау түрінің таралуы.

Грецияда келесі факторларға сай қарама-қайшылықтар байқалды:

1. денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мекемеге ресми түрде енгізу мониторингін қатаң бюрократиялық сыртқы бақылау жүйесінің болуы;

2. мектептерде денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру нақты құрылымында білім беру жүйесінің жалпыға ортақ білім беру саясатының болмауы;

3. денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға жекебілім беру бағдарламасын жоспарлауға, балалардың жалпы білім бағдарламасы талаптарын меңгеруге бағдарлауға уақыттың жетіспеуі, балалардың жеке ерекшеліктеріне сай білім беру емес әлеуметтік-қоғамдық нормаларға сай білім беру;

4. мектептердің әдістемелік және материалды-техникалық қамту деңгейі, инклюзивті сыныпта жұмыс істейтін педагогтардың біліктілігі инклюзивті білім беруді іске асыруға сай емес.

Сонымен қатар, денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті білім алуына ғылыми-негізделген тәсілдердің жетіспеуі шет елдік зерттеушілерді оқу процесін тәжірибелік тұрғыдан іске асыруда мектепте балалардың әр түрлі оқу қажеттіліктері емес оларды аз уақыт ішінде нормаға айналдыру үшін күрес жүретінін дәлелдеді [1]. Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары балаларының өмірін қамтамасыз ету үшін үйде оқытуды мақсатқа бағытталған деп санайды.

Грециядағы денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру жүйесі- білім берудің жаңартылған деңгейін қалыптастыруға емес, оқушылардың қоғам бетіткен нормалар мен стандарттарын меңгеруіне және қалыпқа келтіруге бағытталған.

Арнайы білім беру мен жалпы білім беру жүйелері арасындағы қарама-қайшылықтар көптеген мемлекеттерде байқалады. Мысалы, Швеция заңдылықтары бір жағынан денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына құқықтары бар екеніне кепіл, екінші жағынан бұл балалардың жалпы білім беру жүйесінде білім алуына құқықтарын шектейді. Швецияда білім беру саясатында денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың

инклюзивті білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім беретін мектептердің «Sami schools» -саны шектеулі [3].

Инклюзивті сыныптарда жалпы білім беретін мекеме педагогының арнайы педагопен немесе ассистентпен бірлесе жұмысы арқылы арнайы қолдаулар көрсетіледі. Аталған көмектің ұйымдастырылу формалары:

1. жалпы мектеп педагогы арнайы маманнан кеңес алуы;
2. арнайы педагогтар мен ассистенттер сабақ барысында немесе белгілі уақытта оқушыларға қажетті көмек көрсетеді;
3. денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалар педагог пен арнайы маманның құрастырған бейімделген материалдармен және жеке бағдарламалармен жұмыс жасайды;
4. мұғалімдерді қолдау жергілікті арнайы мектеп базасында құрылған орталықтармен «Ерекше оқытуды қажет ететін балалар оқытудың Ұлттық институттары» («National Institute for special needs») іске асады;

Әр түрлі мектептерде денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруді тәжірибелік тұрғыдан іске асыру арнайы педагогтардың көмегі әрқашан жүйелі емес тек жалпы мектеп педагогтары жұмыста қиындықтармен кездескенде ғана көрсетіледі.

Жалпы білім беретін мекеме педагогтары ұжымдастарымен, ассистентпен бірлесе жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру, ата-аналарға қолдау көрсету олардың уақытын алып, балаларды оқытуға кедергілер келтіреді деп есептейді. Өз кезегінде арнайы педагогтар өздерінің денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға, жалпы білім беретін педагогтарға көмегін маңызды деп есептейді. Алайда денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға көрсетілмеген көмек және оның тиімді іске аспауымен сипатталады [3].

Қорытындылай келе мектеп басшылары, жергілікті ұлттық білім беру жүйесі деңгейінің денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруді іске асыруда жауапкершілікті орталықсыздандыру процесімен аяқталмайды. Біздің түсінігімізде орталықсыздандыру дегеніміз- оның ұйымдастырылуының әртүрлі деңгейлерінде инклюзивті білім беру процесіне қатысушы денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпыға бірдей тиімді шешім табудың біріккен мақсаты болып табылатын ашық және айқын диалогтық кеңістікті құрудың бір құралы. Мысалы, Италиядағы жергілікті білім басқармасы тәжірибелі тұрғыда автономиялы емес, алайда бірнеше жылдар бойы денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруді енгізе отырып зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Ұлттық білім беру жүйесі және жергілікті білім беру басқармасының жетістікке жетуі денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру ұлттық білім беру саясатының мақсат міндеттеріне сай барлық аудандарда балалардың 98%-ын қамтыды.

Дат ғалымдарының пікірінше, денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру жалпы білім берудегі арнайы білім беру жүйесінің таралуы таралуы заңдылық болып табылады. Демек осы процестің дамуына орай арнайы және жалпы білім беру жүйесі жалпы идеялары арқылы бірте-бірте жақындайды. Бұл көзқарастың шындығы шет елдерде денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде тиімділігін арттыру, оңтайлы қолдау моделін құру үшін арнайы педагогтары мен жалпы мектеп педагогтары ынтымақтаса жұмыс істейді. Әлемнің әр түрлі елдерінің тәжірибесін зерттеу барысында педагогтар мен денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру процесіне енгізілген қолдау көрсету моделдерін анықтадық:

- консультациялық модель- арнайы педагог жалпы білім беретін педагогтар, денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалармен кеңес жүргізеді;
- топтық модель- арнайы педагог жалпы білім беретін педагогтарға кешенді қолдау көрсетеді. Балалардың коммуникативті, әлеуметтік құзыреттіліктерін дамытуға арналған әдіс-тәсілдерді модификациялауға көмектесу;
- параллельді оқыту моделі- жалпы білім беретін мекемедегі «ресурстық бөлмеде» арнайы педагогтар арнайы сыныптағы кіші топтарға немесе жеке қолдау көрсетеді;
- педагогтардың бірлескен моделі- арнайы педагог, жалпы білім беретін педагогтар бірігіп жалпы білім беретін сыныпта барлық балаларға сабақта және сабақтың тыс уақытта қолдау көрсетеді.

Айта кететін болсақ денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру процесінде педагогтар барлық балаларды қолдау үшін біріккен «Бірлескен оқыту моделін» қолданады. Арнайы педагогтар жалпы білім беретін мекемеде толық немесе арнайы қолдау орталықтарынан шақыртылған болуы мүмкін. Мысалы, Австрия, Бельгия, Франция, Греция, Люксембург, Нидерланды, Швейцарияның арнайы білім беру педагогтары әрқашан

мектеп қызметкері емес, бірақ денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға сабақта, сабақтан тыс уақытта, педагогтарға бағдарлама құрастыруға, материалдарды бейімдеуге қатысты топтық немесе жеке кеңестер жүргізеді.

Инклюзивті білім беру жүйесінде осы моделдерді жүзеге асыру бағалы. Себебі денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға жалпы сыныпта екі педагогтың мақсатқа бағытталған қолдауы көрсетіледі [4].

Біздің ойымызша жалпы және білім беру педагогтары денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру процесінде кәсіби шеберлік, білім, дағдыларын дамытуға бағытталған. Мысалы, жалпы білім беретін мекеме педагогтары әр пәнге қатысты оқу бағдарламалырын жақсы меңгерген, арнайы педагогтар арнайы білім меңгеріп жалпы бағдарламаның оқыту әдістерін балалардың деңгейіне сай бейімдейді.

Шет елдік ғылыми-зерттеу әдебиет көздерін, видеоматериалдарын зерттеу барысында «Кәсіби бірлескен моделі» денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларды пәнаралық мамандар, ата-аналармен бірлесе іске асатын кешенді әрі өзара шартталған қолдау түрі. Бұл моделдердің пайда болуы халықаралық педагогтардың зерттеу шешімдері жалпы білім беретін мектеп тәжірибесіне денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру концепциясының теориялық негіздерін бейімдеудің тиімді стратегиясын табуға бағытталған. Мысалы, италияндық білім беру жүйесінің артықшылығы мүмкіндігі шектеулі балалар мен педагогтарын қолдау жүйесінің дамуы. Ең алдымен, бұл педагогтардың өз міндеттері мен қызметтері бар көмекшілерінің қатары: арнайы педагог- ол денсаулық сақтау Министрлігінің қызметкері, қызметі штаттық кестемен бекітілген; білім беру және қарым-қатынас жөніндегі көмекшісі; мәдени және тәрбие ісі жөніндегі көмекшісі; жергілікті қоғамдық ұйыдармен бекітілетін әлеуметтік көмекшісі; қосымша техникалық, әкімшілік және жеке, гигиеналық көмек көрсету жөніндегі көмекшісі.

Педагогтармен қатар педагог-тәрбиешінің де қызметі маңызды. Әдетте әр түрлі балалармен жеке жұмысты сабақта жәе сабақтан тыс уақытта жүргізеді. Педагог-тәрбиешінің міндеті- балаларға апта сайын белгілі көмек және анатомиялық дауын қамтамасыз ету. Педагог-тәрбиешілердің педагогикалық білім бар , бірақ мектептің қызметкері емес. Оларды жергілікті әлеуметтік органдар тағайындайды. Бастауыш сыныптарда олар балалардың жанында әрқашан болып сабақтан тыс мерекелік іс шаралар өткізеді. Орта мектепте тәрбиешілердің іс әрекеттері тек сабақтан тыс уақыттағы іс-шаралармен шектеледі. Педагог-тәрбиеші қоғам- мектеп- үй арасындағы көмекші-жүргізуші. Педагогтар инклюзивті білім беру жүйесі аумағында бұл қосымша бірақ міндетті іс әрекет емес екенін дәлелдейді.

Арнайы педагог денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалар бар бір немесе бірнеше сыныптарға қолдау көрсетеді. Арнайы педагогтың жетекші рөлі денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға, жалпы білім беретін педагогқа қолдау көрсету. Аталған педагогтар көп жағдайда уақытша қиындықтары бар басқа да балаларға да қолдау көрсете отырып балалармен бірге денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді қолдау көрсету арқылы қалпына келтіру. Тарихи арнайы педагог жалпы педагогикалық білім алып, кейін қосымша арнайы екі жылдық тағылымдамадан өтті. Арнайы педагогтарды Бакалавр дәрежесін алғаннан кейін ғана орта және жоғары мектепке педагог ретінде тағайындаған.

Қазіргі таңда мектепте білім берудің барлық табалдырығында арнайы педагог Бакалавр дәрежесі мен сертификатталған педагог болуы тиіс. Университетті бітірген соң аталған арнайы педагогтар Ұлттық білім беру бағдарламасына сай құрылған жылдық курстардан өтеді. Білім Министрлігінің шешімі бойынша Университеттер арнайы педагогтарды дайындауда жауапкершілік алады. 2011 жылдан бастап Италияның білім министрлігі арнайы педагогтардың жұмысына жаңа талаптар енгізді: денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі 4 балаға жеке қолдау көрсету, ерте қолдау көрсету 2 балаға [4].

Физикалық, химиялық, биологиялық және басқа заңдылықтарды білу ғылымның негіздерін зерттеуге және әлемнің толыққанды бейнесін түсінуге кешенді көзқарасты қажет етеді.Бұл тек ауызша оқыту әдістерімен ғана жұмыс жасау кезінде мүмкін емес.Оқу материалдарын тиімді зерттеу білім беру саласындағы білімнің жаңа мәселелерін тудырады, бұл оқушылардың зерттелген үрдістер мен құбылыстарға белсенді шығармашылық қарым-қатынасын талап етеді. Бұл негізінен балалардың танымдық мүмкіндіктерін дамытуда эргономикалық шарттар мен техникалық құрылғыларды талдауда іске асырылады.[5]

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ермаков В.П., Якунин Г.А. Основы тифлопедагогика: Развитие, обучение и воспитание детей с нарушениями зрения: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000. - 240 с.
2. А.Г. Литвака. Вопросы обучения и воспитания слепых и слабовидящих детей / Под ред. - Л., 1981
3. Ермаков В.П. Обучение слепых и слабовидящих школьников. - М., 1989.
4. Земцова М.И. Учителю о детях с нарушением зрения. - М., 1973.
5. Крылова Н.А. Методические приемы и способы обучения чтению слабовидящих учащихся подготовительных классов // Совершенствование процесса обучения и воспитания слепых и слабовидящих детей / под ред. Л.И. Солнцевой, В.П. Ермакова, М.И. Земцовой. - М., 1986.
6. Федяй Г.Ф. Сравнительная эффективность форм сочетания слова учителя со средствами наглядности на уроках химии в школах для слабовидящих детей // 7. Совершенствование процесса обучения и воспитания слепых и слабовидящих детей / Под ред. Л.И. Солнцевой, В.П. Ермакова, М.И. Земцовой. - М., 1986.
8. Чигринова И.П. Методика преподавания литературы в школах слепых и слабовидящих. - Киев, 1986.

УДК : 376.3.018.42

МРНТИ:14.29.29

I. Denisova¹,

¹ candidate of pedagogical sciences, senior teacher of department of special education.
Kazakh National pedagogical university named after Abai.
Almaty, Republic of Kazakhstan
irenadenisova@mail.ru

CORRECTION OF PRONUNCIATION OF EARLY SCHOOL STUDENTS WITH DIZARTHRIYA BY MEANS OF CORRECTIONAL RHYTHMICS

Abstract

Dysarthria is one of the most common speech disorders at school age, there is a tendency to its significant growth. The study of dysarthria is the subject of study of medical, pedagogical and linguistic disciplines. Complex structure of speech disturbance in dysarthria requires a complex approach in organizing and conducting corrective measures. The article is devoted to the study of the influence of logorhythmics on the development of the syllabic structure of the word in students with dysarthria.

Key words: dysarthria, pronunciation, logopedic rhythmics

Аннотация
Денисова И.А.¹,

¹к.п.н., ст. преподаватель кафедры специального образования КазНПУ имени Абая.
irenadenisova@mail.ru
Алматы, Казахстан

Исправление произношения младших школьников с дизартрией средствами коррекционной ритмики

Дизартрия сегодня - одно из наиболее распространенных речевых нарушений среди детей школьного возраста. Наблюдается тенденция к увеличению распространенности и усложнению структуры дефекта. Изучение дизартрии является предметом изучения медицинских, филологических и педагогических дисциплин. Статья посвящена проблеме исправления дизартрии средствами коррекционной ритмики

Ключевые слова: дизартрия, произношение, логопедическая ритмика

Аңдатпа
Денисова И.А.¹

¹п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы білім беру кафедрасы аға оқытушысы

Түзету ритмика құралдарымен дизартриясы бар бастауыш сынып оқушыларының дыбыс айтуын түзету

Дизартрия – мектеп оқушылары арасында кең тараған сөйлеу тілінің бұзылыстарына жатады. Бұзылыстың құрылымы мен күрделілігіне байланысты жылдан жылға кең өріс алуы байқалуда. Дизартрияны оқу медициналық, филологиялық және педагогикалық пәндер байланысты жүреді. Мақала дизартрияны түзету құралы ретінде түзету ритмикасына арналған.

Түйін сөздер: логопедическая ырғақтық, дизартрия, айту

Violations of the coordination of movements of dynamic praxis are factors of difficulty in teaching speech of children with dysarthria. This applies to general as well as fine and articulatory motor skills. As A. Rosenthal notes, a child with better motor functions is more likely to master speech. And, on the contrary, a child whose general motor development lags behind the age norm will experience great difficulties in teaching the speech process.

The main and most persistent signs of dysarthria are melodic intonation disorders, which affects intelligibility, intelligibility, emotional expressiveness and even the semantic structure of the child's speech. Features of the psyche of children dysarthrics (reduced observation, inability to listen to instructions, poor switching) affect the course of their motor acts. A. Zaporozhets noted that developing the system of movements, we also affect mental processes, and since speech is not only the highest form of mental activity, but also the highest motor act, then developing the motor system, we develop speech. [1]

The interrelation of the development of speech, sensory functions, motility and intelligence determine the need for a comprehensive and systematic character of correctional work. Considering the question of the factors determining the assimilation of the phonetic side of speech, A.N. Gvozdev emphasized the role of the motor sphere. Thus, he writes: "In the first place in this respect is the role of the motor sphere, to which both the motor center of the speech of the brain and the motor-motor apparatus are referred. Therefore, the assimilation of phonetics is determined by the development of the speech-motor sphere." [2] Violation of general motility has a direct effect on the pronunciation of speech, which in most children - dysarthria suffers.

In a number of different techniques that represent a system of work to correct dysarthria, a certain place is taken by speech therapy rhythmic. Until the 1970s and 1980s, speech therapy was used only with stammering people. Currently, speech therapy rhythm is widely used in dysarthria and other speech disorders.

Classes with movements for children with dysarthria are of particular importance, because motor exercises train, primarily, the brain, the mobility of nervous processes (N.A. Bernshtein, V.M. Bekhterev, I.M. Sechenov, etc.). [3] At the same time, the movement to music is one of the most attractive activities for a child, a game, an opportunity to express emotions, to realize one's energy, therefore, it generally has a beneficial effect on his condition and upbringing. One of the first scientists who developed the logarithmic effect system was G.A. Volkova (1976). In the monograph "Logopedic Rhythmics" she proposed a technique for studying various forms of speech disorders, which we used to conduct the experiment. [1] When organizing and conducting logarithmic classes with children with dysarthria according to G.A. Volkova's system, it is necessary to take into account the state of speech and motor skills.

According to modern psychological theory, the main point of any therapy is the motivational moment. As V.A. Sukhomlinsky said: "All our plans, all searches and constructions turn into dust, if the student does not want to learn." German pedagogue and philosopher Rudolf Steiner in his book "Healthy development of the physical-physical as the basis of the free manifestation of the spiritual and spiritual" indicates that the age of 6-12 years is the time of development of rhythmic abilities. An anthroposophical scholar writes: "A child at this age has an inner impulse, an inner desire to experience what he gradually acquires as an independent spiritual-spiritual; to experience, of course, unconsciously, instinctively, like a rhythm, as a tact, but - a rhythm and a tact that are played out primarily in his own body. And he has a desire to play this rhythm and clock in his own organization." [4]

According to Steiner's teaching, everything that appears in a rhythmicized format to a child of primary school age will bring him pleasure and joy. We can assume that the fulfillment of such tasks will increase the effectiveness of the whole work due to their rhythmic form.

The influence of speech therapy rhythmic on various aspects of speech, in particular, on pronunciation, has not been sufficiently studied, so this topic is quite relevant.

The object of the study is the process of correction of pronunciation disorders in younger schoolchildren with dysarthria

The subject of the study is the use of speech therapy rhythm in the elimination of pronunciation disorders in younger schoolchildren with dysarthria in speech therapy classes.

In connection with the foregoing, **the purpose of the study** was to study the conditions under which speech therapy rhythm becomes an effective means of correcting pronunciation in younger schoolchildren with dysarthria.

For the experimental work, 4 students of special boarding school for children with severe speech disorders No. 9 were selected. All 4 students have the same verbal conclusion - ONR-2-3 levels, dysarthria. The control group (4 persons) consisted of students with a similar verbal conclusion.

The criteria by which the level of achievement of the students in the control and experimental groups was compared was the efficiency and quality of the implementation of individual corrective speech plans (PIKRR) under the section "Sound structure of the word". The parameters were the number of distortions of the delivered but not yet fixed sounds and the distortion of the syllabic structure during the naming of pictures, narrative by a series of plot pictures and narrative by ideas and memories (a story of 10 sentences on the theme "Winter" and "Family"). For control, nine sounds were used - whistles (C, C, Z, Z, C), sibilant (W, L) and sonorous (L, L) sounds, since they are the most frequent phonemes of Russian speech, and their pronunciation determines the dictation picture of speech in each individual case. All sounds were delivered and required automation.

The level scaling was carried out in accordance with the constant Ingenkamp: The development of PICW under the section "The sound structure of the word" was less than 75% corresponding to the level with the conventional name "low level of advancement"; The average level of advancement presupposed a 75-100% efficiency of the implementation of the PIKRR and, finally, the "high level of automatization of sounds" suggested that the plan was fully implemented (by 100%) and that qualitative changes in the speech of the child were visible to everyone: and teachers, and other students, and the child himself.

Experimental research was conducted in 3 stages:

The first stage was the ascertaining experiment in the course of which the diagnosis of the state of pronunciation (the technique of Inshakova OB) and the syllabic structure of the word (13 classes of syllabic word structures by AK Markova) was conducted for the children of the experimental and control groups

Based on the results obtained, we give a brief description of both groups. For children with dysarthria of the experimental and control groups, the polyformity of the disturbance of sound production is characteristic. When naming the pictures of errors in pronunciation was done less than in the story of the plot pictures and free speech. In the structure of violations, distortions were mainly observed. All children reported a violation of pronunciation of whistling, sibilant and sonorous sounds to varying degrees. To test the formation of syllabic structures, children were offered 2 pictures for each of the classes (according to Markova), starting with the 4th. The results are shown in Table 1.3:

Table 1. Results of the study of the syllabic structure of the word children of the experimental and control groups


	4 gr.	5 gr.	6 gr.	7 gr.	8 gr.	9 gr.	10 gr.	11 gr.	12 gr.	13 gr.	14 gr.
Shaken M.	0%	50%	0%	100%	100%	50%	0%	50%	0%	50%	100%
Andrew W.	0%	100%	0%	100%	100%	100%	100%	50%	0%	0%	100%
Agybai A.	0%	50%	0%	100%	100%	50%	100%	0%	0%	50%	100%
Ushurbek A.	50%	100%	50%	100%	100%	100%	100%	50%	0%	100%	100%

Analysis of the findings of the observational experiment showed that violations in the sound-acoustic structures in children with dysarthria are diverse and variable. Therefore, the selection of exercises at the stage of the formative experiment should be differentiated, depending on the structure of the defect, with a preponderance of the musical or rhythmic material.

At the second stage during the forming experiment, we conducted corrective-logopedic work with the children of the experimental group using the means of speech therapy rhythm in the form of individual and subgroup classes. Exercises from the methods of GA were used. Volkova, M.V. Zhigorevoy and A.Ya. Fly. All the exercises were divided into 2 groups:

- 1) Exercises for developing non-speech functions
- 2) Speaking-rhythmic exercises

Scheme 1.



In accordance with the data obtained at the first stage, the choice of exercises reflected the structure of the child's defect: with the predominant disturbance of the sound structure, the exercises from the second block (the rhythmic ones) prevailed. If, however, the diagnosis revealed a predominant violation of syllabic structures, then the music-rhythmic forms were included in the individual program of the child. The analysis of the results of the forming and control experiments will be published in the next article.

Used literature:

1. G.Volkova. «Logopedic Rhythmics», M., 1985
2. A.Mukhina . ««Speech-and-movement Rhythmics», M.: Astrel,2008
3. Arkhipova E.F. «Styortaya disartria u detey», M.:АСТРЕЛЬ, 2008Г.
4. Steiner «Die Gesunde Entwicklung körperlich-physisch wie die Grundlage der freien Erscheinungsform herzlich-geistig: das Kind von sieben bis zu zehn Jahren: die Pädagogik und die Didaktik» - Kaluga, 1998

Кудушева Н.А.¹, Булабаева С.Т.²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы

²Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты «Арнайы білім беру» кафедрасының оқытушысы

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАКТИЛЬДІК ФОРМАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Есту қабілетінің бұзылысы өз көрінісін әрдайым айқындап отыратын фактор, осыған орай аталмыш балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу мен дамуы өзіндік сипатқа ие. Есту қабілетінің зақымдалуы, тек сөйлеу тіліне ғана зиянын тигізіп қана қоймай, барлық психикалық үрдістерінде өз таңбасын қалдыратыны мәлім. Сондықтан ауытқушылықты ерте анықтап, осы мәселені ерте қол тізгініне алу, екінші бір кемістіктің алдын алуға жағдай жасайды. Мақалада есту қабілеті зақымдалған балалардың ауызша сөйлеу тілін қалыптастырудың көмекші құралы болып саналатын дактильдік сөйлеу тілі формасының оқу процесінде қолдану мәселелері қарастырылған.

Кілттік сөздер: сөйлеу тілінің дактильдік формасы, естуқабілеті зақымдалған балалар

Аннотация

Кудушева Н.А., ¹Булабаева С.Т.²

¹КазНПУ имени Абая, институт педагогики и психологии, кафедра «Общей и прикладной психологии», старший преподаватель

²КазНПУ имени Абая, институт педагогики и психологии, кафедра «Специального образования», преподаватель

Вопросы использования дактильной формы речи в обучении детей с нарушениями слуха

Нарушение слуха у детей является фактором, который всегда проявляет свои особенности. В связи с этим, формирование и развитие речи у детей с нарушениями слуха имеют свои специфические особенности. Известно, что нарушение слуха влияют не только на речь, но и на психическое развитие ребенка, поэтому ранняя диагностика помогает предотвратить проявление вторичного дефекта. В статье рассматриваются вопросы использования дактильной формы речи, которые являются вспомогательным средством формирования устной речи у детей с нарушениями слуха.

Ключевые слова: дактильная форма речи, дети с нарушениями слуха

Abstract

Kudusheva N.A.¹, Bulabayeva S.T.²

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Pedagogy and Psychology, Department of General and Applied Psychology, Senior Lecture

²Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Pedagogy and Psychology, Department of "Special Education", Lecture

Questions of using the doctella form of speech in the training of children with hearing disorders

Hearing impairment of children is a factor that always shows its own characteristics. In this regard, the formation and development of speech of children with hearing impairments have their own specific features. It is known that hearing impairment affects not only speech, but also mental development of the child, so the early diagnostics help prevent the manifestation of a secondary defect. The article considers the use of the dactyl form of speech, which is an auxiliary tool for the formation of oral speech in children with hearing impairment.

Keywords: dactyl form of speech, children with hearing impairments

Ауызша сөйлеу тілі баланың күнделікті іс – әрекетіндегі қарым – қатынас процесінде өзіндік қолданысқа ие болған жағдайда ғана қарым – қатынас пен танымның әрекет етуші құралы бола

алады. Дегенімен, бұл жердегі іс – әрекеттің өзі баланы ауызша сөйлеу тілін қолдануға итермелейтіндей болып, дұрыс ұйымдастырылуы керек. Осыған орай, есту қабілеті зақымдалған балаларды коммуникациялық жүйеге оқытудың негізі қарастырылуда. «Коммуникациялық жүйеде сонымен қатар, сөздік қормен жұмыс, грамматикалық құрылыммен жұмыс, кезекті ағыммен жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып енгізу бойынша жұмыстар қарастырылуда» (С.А.Зыков, 1977, 476) [6; 7; 14]. Мінеки, бірнеше ғасырлардан бері есту қабілеті зақымдалған балаларды оқыту әдістемесінің құрылымына енген сөйлеу тілінің дактильдік формасының қолданысы бүгінгі таңға шейін өз болмысын жалғастырып, қолданыс ауқымын кеңейтіп келеді. Алфавит әріптерін шығаратын саусақ белгілерінің жүйесі өз бастауын латын алфавиттерінен алғандығы, оның қолданысының дұрыс-бұрыстығына, болмысына қатысты сан-қилы ойлар көп жылды қамтитын бүтін тарихи жүйелер тізбегі болып келеді. Есту қабілеті зақымдалған балаларды ана тілімізде арнайы оқыту мәселелері бүгінгі күнге дейін Кеңес сурдопедагогикасының жалпы теоретикалық ұстанымдарына арқа сүйейтіндігі баршамызға мәлім. Ал төл тілімізге оқытудың мазмұны, қағидалары мен фактілік материалын жіктеу әрине ана тіліміздің ерекшелігіне негізделіп келеді. Дакилологияны қолдану мәселесі есту қабілеті зақымдалған балаларды арнайы оқытудың заманауи әдістемесінің құрамына кіретін болғандықтан, қазақ тілінің дактильдік альфавитін қайта қарастыру мен өңдеу білікті елдің білікті маман иелерін даярлаудағы заман талабы болып отыр. Себебі, әсіресе арнайы мектепте оқытудың оңтайлы жолын табу таптырмас нәтиже болып келеді. Ал, біз қозғап отырған дакилология мәселесінің өзі есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытудың бастапқы кезінде шынайы ауызша сөйлеу тілін қалыптастырудың оңтайлы көмекші құралдарының бірі болып танылады.

Есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытудың коммуникациялық жүйесін іске асырып, оны баланың мектептегі алғашқы күнінен бастап орнатуда дакилология шынайы қолдауға ие болды. Осыған орай, С.А. Зыков «сөйлеу тілінің дактильдік формасының басты маңыздылығы: оның қолданысы әлеуметтік тұрғыда компенсациялау мәселесін шешу жолындағы орны», -деп атап өткен. Бірақ, оңтайлы жол ретіндегі дакилологияға деген бұндай қарым – қатынас айтарлықтай ұзақ жылдар бойы қарастырылып келген болатын [15; 16].

Қалыпты еститін тұлғалардың сөйлеу тілі қарым – қатынас процесіне тікелей байланысты екенін білеміз, ал есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың сөйлеу тілінің дамуы үшін аталмыш «шынайы» жол мүмкін емес немесе шектеулі болғандықтан, олар ауызша сөйлеу тілін толықтай меңгере алмайтындықтан, тек көруге сүйене, еліктей отырып, өз бетінше олар ауызша сөйлеу тілін шығара алмайды. Сондықтан, есту қабілеті зақымдалған балаға ауызша сөйлеу тілін меңгеру үшін барынша жағдайларды жасау керек. Яғни, сөйлеу тілін толыққанды қабылдаудың негізінде еліктеу арқылы сөйлеу тілін шығаруға мүмкіндік беретін жағдайларды іздестіру қажет [1;2]

Қимыл – қозғалыс және көру анализаторларын іске қосуға негізделген сөйлеу тілінің дактильдік формасы есту қабілеті зақымдалған балаларға ауызша сөйлеу тілін оңай әрі тез түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар оны қатынас барысында белсенді қолдануға да мүмкіндік береді. Бұл жағдай баланың жалпы дамуына өз ықпалын тигізіп, ауызша сөйлеу тілін қолдануға итермелейтін факторлардың бірі болып танылады.

Біз білетініміздей, балаларды ауызша сөйлеу тіліне үйрету сурдопедагогикалық процестің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Соған орай, аталмыш балалардың ауытқушылықтарының сипатына орай, бұл үрдіс еріннен, бет-әлпеттен оқу, қол-қимыл бейнелеріне сүйену сияқты синонимдерге тұспа-тұс келеді. Сөйлеу тіліне оқытудың барлық коммуникативті жүйесінің ең жетекші үрдісі әрекет пен байланысқа тікелей байланысты. Сондықтан сурдопедагогикалық процесте ойын, оқу, еңбек сияқты іс-әрекеттер әрдайым орнымен қолданылып отырады. Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыруға деген жолды аз да болсын жеңілдету үшін сөйлеу тілінің дактильдік формасын қолдану тілдік байланыстарды жүзеге асыруға байланысты. Бірақ, есту қабілеті зақымдалған балаларды сөйлеу тілінің дактильдік формасына үйрету өзіндік жеке мақсат емес, ол тілді меңгеру процесін жеңілдетуге, әрі жеделдетуге бағытталған шара болып табылады.

Есту қабілеті зақымдалған оқушыларды сөйлеу тілінің дактильдік формасына үйрету сөздік қорды жинақтап, сөздің құрылымын меңгеруге ықпал ететіндігін Л.М.Быков пен Г.Л.Зайцева сияқты ғалымдар атап өткен болатын [3].

Бүгінгі таңда сөйлеу тілінің дактильдік формасына үйрету сабағы есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектептегі кез-келген сабақ сияқты жалпы дидактикалық талаптарға сүйенеді. Мұнда сабақтың тақырыбын айқындайтын, мұғалімнің баяндауы мен оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыратын сөздер мен фразалар бастапқыда тілдік материалы бар кестелерге тікелей

байланысты болып келеді. Белгілі тілдік жүйені меңгеру балалардың мүмкіншіліктері мен психологиялық ерекшеліктеріне тікелей байланысты болғандықтан, баланы қоршаған әлеуметті де барынша қамту керек.

«Білім сапасы – бүтін ел мәртебесі» деген қағиданы деген ұстанған Қазақстан мемлекеті де арнайы оқыту жүйесіне көңіл бөліп, сала бойынша ғылыми ізденістер ауқымын кеңейтуде. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген М.Әуезов атамыздың ұлы сөзінің өзі бүгінгі күнге шейін біз сүйеніп жүрген Кеңес әдебиеттеріне бағына бермей, төл тіліміздің тізбегін қолға алуды меңзейді. Сондықтан, қазіргі кезде өз бастауын алып, зерттеу жұмысының өзекті мәселелеріне арналған жұмыстарының бірі төл тіліміздің дактильдік алфавитін меңгеру ерекшеліктері біздің тарапымыздан да қызығушылық туындатуда. Қай ғылыми жүйе болмасын, оның өткен тарихын білмей, алға қарай қадам басу мүлдем орынсыз. Сондықтан, осы мәселеге қатысты ақпараттарды барынша ашуға тырыстық.

Арнайы оқыту процесіндегі сөйлеу тілінің дактильдік формасын қолдануды С.А.Зыков (1961, 1977) компенсациялаудың басты механизмі ретінде танып, оның келесі қасиеттерін ерекше атап өткен болатын [15].

- Есту қабілеті зақымдалған бала сөздің әр элементін көре алатын болғандықтан, дактильдік сөйлеу тілі оңай қабылданады.
- сөйлеуші тұлға сөйлеу тілінің дактильдік формасын қолдана отырып, өзін толықтай басқара алады.
- дактильдеу кезінде саусақ кинестезиясы қалыптасып, соның арқасында сөздің құрылымы оңай әрі дұрыс қалыптасады.
- артикуляциялық аппарат кинестезиясы мен саусақ кинестезиясының арасында мықты нейродинамикалық байланыстар орнатылып, соның нәтижесінде дактильдік сөйлеу тілі ауызша сөйлеу тілінің негізгі тірегіне айналады.
- дактильдік сөйлеу тілі мүшеленген сөйлеу тілін, оның грамматикалық құрылымын, сөздік қорға қатысты құрамын меңгеруге көмектеседі.
- дактильдік сөйлеу тілі азда болса ымдық қол-қимылдық сөйлеу тілін ығыстырып, ауызша сөйлеу тілдің бастапқы кезеңін қамтамасыз етеді.

Сөйлеу тілдік кинестезияның дамуына орай физиологтар қимыл-қозғалыс компонентіне ерекше ролді жүктеген. Л.П.Носкова (1983), А.Н.Соколованың «ойлау процесіндегі сөйлеу тілдік кинестезияны басқарушы функция» теориясына сүйене отырып, тіпті қалыпты еститін балаларды тілге оқытуда саусақ қимыл-қозғалыстарына негізделген дактилология екінші кезектегі көмекші құрал ретінде қолданыла алатындығын дәлелдеген болатын [8]. Ал, Л.А.Новикова 1955 мен Е.Н.Марциновскаяның (1962) электрофизиологиялық әдістердің көмегімен жүргізген арнайы зерттеу жұмыстары дактилология есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу тілі сияқты кинестетикалық сезім мүшелерінің негізінде қалыптасатынын көрсетті [9].

Жазбаша түрде ұсынылатын мәтінді дактильдей отырып шығару дұрыс көшіруге сәйкес келеді деп айта аламыз. Ал, тұрақты түрде қате көшіру барысында сөздің бейнесін моторлы-көру арқылы қабылдаудың тұрақты бұзылыстары қалыптасады. (И.В.Коломыткина, 1977). Осыған тағы бір аналогияны жатқызуға болады. Жазуды жаңадан меңгеріп келе жатқан есту қабілеті қалыпты жағдайдағы баланың сөйлеу тілдік артикуляциясында ерекше және маңызды ролі байқалады. (Л.К.Назарова, 1952). Сөзді артикуляциялау жазу кезінде сөздің дыбыстық құрылымын саналы түрде меңгерудің жағдайы болып келеді: бұнда бала сезінетін кинестетикалық сезімдер сөздегі дыбыстың құрамын анықтап, жазылатын сөздердің дыбыстарын фиксациялап, анықтауға өз ықпалын тигізеді. Теория мен практиканы ұштастырған сурдопедагогикалық процестегі тілге оқытудың алғашқы кезеңі күрделі әрі жауапкершілігі мол болып келеді. Себебі, осы кезеңде балаларды ауызша сөйлеу тіліне оқытудың алғашқы іргетасы қаланып, тілге оқыту жұмыстары жүзеге асады. С.А.Зыков көрсеткендей, /15/ дактильдік сөйлеу тілі ауызша сөйлеу тілін меңгерумен үйлесіп, ал, онымен танысу мен оны қарым-қатынаста қолдану ауызша сөйлеу тілінің қарапайым дағдыларын қалыптастырудағы таптырмас жолы болып келеді. Балалар тарапынан сөйлеу тілінің дактильдік формасын меңгеру дактильдеуші мұғалімдерге еліктеуден басталады. Сондықтан бұл үрдіс есту қабілеті зақымдалған балалар тарапынан сөздер мен фразаларды меңгеру кезінде арнайы техникаларды мұқият қолдануды болжайды [17].

Дактилология естимейтін балаларды арнайы оқыту жүйесінде де өзіндік мотивацияланған орнына ие болды. (Р.М.Боскис, 1963, 1968; К.Г. Коровин, 1961; К.В.Комаров, 1982, 1983; Н.Ю.Донская, 1982). Соған орай дактилологияның әріп пен дыбыстың арасындағы байланысты орнатады деген сияқты қасиеттері анықталды .

Есту қабілеті зақымдалған балалар ұсынылған материалды меңгеру мен қабылдаулары жеңіл болуы үшін арнайы кестелер мен кестешелер қолданылады. Осындай кестелерді қолдана отырып, оқушы жазылған сөздерді дактильдеу барысында көрсетілген саусақтардың үлгілеріне қарап, әріптерді кестедегідей етіп кезектілігімен көрсетіп шығарады. Дактильденген сөздері бар кесте үлкен тақтаға жазылып, сыныптағы оқушылардың қолдануы үшін ыңғайлы жерге орналастырылады және оларды балалар толықтай жаттап бітпейінше еш алынбайды. Дактильдеу түрінде берілген материал алғашында мұғалімнің айтуы арқылы түсіндіріледі. Әр оқушылардың жеке қабылдау мүмкіншіліктеріне орай, дактильдеу үрдісін ұтымды жеткізе білу мұғалімнің шеберлігіне де тікелей байланысты. Сондықтан, барлық сөйлеу тілдік материалды ауызша-дактильдей отырып, оқушыларға түсінікті етіп жеткізу сияқты негізгі талаптар қойылады. Мұғалімнің жауапты тұлға ретінде ауызша-дактильдей отырып сөздік материалды жеткізе алуы бір жағынан үлгі болса, ал екінші жағынан ауызша сөйлеу тілін дұрыс әрі тиімді меңгеру жолындағы оңтайлы қадам болып табылады. Біз тәжірибе барысында көз жеткізіп жүрген аталмыш балалардың ауытқушылықтарының спецификасына орай, дактильдеуге негізделіп арнайы ұйымдастырылған жаттығулар саналы әрі мотивацияланған түрде болуы тиіс. Осыған орай мұғалім балалардың сөйлеу тілін дамыту үшін іс-әрекеттің бірнеше түрлерін қолданады. Әр оқушының аттары мен өзге де қажет материалдар тез әрі оңай есте сақталыну үшін аталмыш деректер жинағы қажеттілігінше тақтада ілулі болады. Ал, оқушыларға осы деректердің дәл сондай түпнұсқасы бал отырған партаға ілінеді. Осылайша, балалар өзге балалардың есімдерін де жаттай отырып, уақыт өте келе көне материал алынып тасталып, жаңа материалдармен толықтырылып, балалардың сөздік қорын да молайта түседі. Сөйлеу кезінде туындайтын тек табиғи жағдай ғана есту қабілеті зақымдалған балалар үшін жаңа сөздің мағынасын түсінуге көмектеседі. Мұғалімнің іс-әрекеттеріне еліктеп, олар сол сөздерді аналогиялық жағдайларда, яғни дактильденген сөздерді кестелерден оқи отырып қолданады. Оқушылардың жаңа сөздерді, фразаларды меңгеруіне байланысты мұғалім оқушыларға таныс сөздерді дактильдеу арқылы жеткізбей, ауызша ғана жеткізетін болады. Айтып өтетін жағдай оқушылар сөздің дыбыстық құрамын өз бетімен меңгермейінше, және оны ауызша сөйлеу тілінде дұрыс хабарлай алмайынша дактильдеуді еш қолданбайды.

Есту қабілеті зақымдалған балаларды тілге оқытудың бастапқы кезінде дактильдік сөйлеу тіліне оқыту деген не? сияқты әрдайым туындайтын сауалдың барысын ашып көрелік. Дактильдік белгілерге ерте оқытуда «баланы оқытуға үйрету оның сөйлеу тілі мен ойлау қабілетін жетілдіре түседі» деген қағида ескерілінген. Бала барлық дыбыстарды меңгергеннен кейін өзі мағынасын білетін, таныс сөздерді дактильдей отырып, оны ауызша сөйлеу тілімен үйлестіре қолдана түседі. Оқу процесіндегі ауыр әрі күрделі үрдісті кезектілігі мен баяулығын сақтай отырып, сабақ кезінде бастау керек. Оқытуға үйрету барысында мұғалімнің алдына екі міндет қойылады: біріншісі – баланы қандай да бір сөзді дұрыс оқуға үйрету болса, ал, екіншісі – баланың оқуға деген көзқарасын білім алудың бастамасы мен қоршаған адамдармен қарым-қатынасқа түсудің басты құралы ретінде тәрбиелеуіміз керек. Бірақ, баланың оқуға деген қызығушылығын оятпай, оны қоршаған ортаны танудың құралы ретінде еш ұсына алмай, керісінше баланың өмірін қиындатамыз. Сондықтан баланы оқуға үйрететін сөздерді алдын-ала даярлау керек. Дактильдік сөйлеу тіліне оқытуда негізгі үрдістің бастамасы мен спецификасын бес саусақтай білу керек. Алынатын сөздер бастапқыда бала үшін таныс көріністерді айқындап, өз ойы мен өзіне бағытталған сөйлеу тілін түсінікті ететіндей болуы керек. Оқу техникасына үйретуде дайындық жаттығулары бала өмірінің үш жасынан басталып, 2,5 дейінгі балалармен жұмыс 3-4 айды қамтыса, ал, ересектеу жаста 1-1,5 айды қамтуы керек. Егер есту қабілеті зақымдалған бала 5-7 мин. ішінде дұрыс еліктей алып, дактильдік белгілерді орнымен көрсете алып, 5-6 сөзден тұратын атауларды кесте бойынша дұрыс ажырата алып, оларды керек ойыншықтар мен фотоларға сәйкестендіріп, және 4-5 әріптердің жұптарын үлгі бойынша ажырата алатын болса, оқу үрдісін бастауға болады. Ол үшін алдын ала даярлану керек. Мысалы, аталмыш баланың жанұя мүшелерінің суреттерін алып, астыларын жазу атауларымен бекіту керек. Кейін бала үшін таныс, яғни күнделікті қарым-қатынас барысында қолдану үшін қажет сөздер де осылай алына бастайды. Бірақ, ол сөздер баланың күнделікті өмірімен тікелей байланысты болуы керек. (Мысалы, тамақтануға байланысты сөздер: же, іш, ал, аузыңды сұрт, бер, рахмет ; серуендеуге байланысты сөздер: пальтонды, бас киімінді, аяқ киімінді, жемпірінді ки және т.с.с). Кестелердің жасалуы мына сипатта болады: тығыз картон типтес біргелкі қағаздар кесіліп алынады. Сөздер мүмкіндігінше бір шрифтпен жазылып, мүмкіндігінше бір түсте болғаны дұрыс. (қарамен). Шрифт ең қарапайым болып, бір жол тізбегінде жазылуы керек. Егер, «маған қуыршақты бер» сияқты

ұзын сөйлемдер болса, ол үшін картон ұзындау алынуы керек, ал сөзді келесі жолға тасымалдаудың қажеті жоқ. Заттардың атаулары бар кестелердің екі түпнұсқасы болған дұрыс. Біреулері белгілі заттарға бекітіліп қойылса (диванға, сөреге, тақтаға, орындық пен үстелге т.с.с), ал кестелердің келесі түпнұсқасы жаттығуларды өткізу үшін тақтада сақталынады. Жаттығулардан кейін кестелердің атауларына белгілі заттарды сәйкестендіру бойынша жұмыс жүргізіледі. Бала толықтай оқып үйренбейінше, кестенің екінші түп нұсқасы сөздердің жұптарын үйлестіру үшін қолданылады. Кестелердегі сөздерді оқу техникасын қадағалау өте маңызды жағдай. Сөздерді өзара сәкестендіре отырып, кестемен берілген сөздерді ажырата алуына аса мән беру керек. Мұғалім өзі кестелерді қойып, тапсырманы түсіндіріп өтуі керек. Мысалы, ана және өз есімін оқуды 2-3 күнде жаттыққаннан кейін, фотолары мен суреттері бар әке, апа, аға т.с.с ж сөздер қосыла бастайды. Кейін осы сөздерді дактильдеумен үйлестіру керек. Себебі, сөздің әрбір әрпі дактильденіп, баланың әріптерді кезектілікпен көрсете алу қабілеті бекітіледі. Үрдіс келесі кезекте болады: мұғалім әріптерге сол қолының саусағымен бағыттап көрсете отырып, оң қолымен дактильдейді. Баладан да осы үрдістің түпнұсқасын қайталауды талап ету керек. Ескеретін жағдай, егер бала сөздердегі әріптерге қарамай, тек мұғалімнің қолын бақылауда болса, онда бұл оқу емес тек ғана жай көрініске айналады. Егер бала мұғалімнің оң қолына қарап, белгілерді саусаққа үйлестірсе, ары қарай оның көзқарасын әріпке бағыттау керек. Жұмыс барысында баланы мадақтап тұру шарт. Баланың назарын әрдайым кестені оқуға әрдайым аударып отырған сайын, бала қзіне бағытталған талаптарды түсіне келе оқу техникасын алып жүретін болады. Оқытудың бастапқы кезеңі өте сақтық пен мұқияттылықты талап етеді. Баланың белгілі заттармен сөздерді сәкестендіре алуы шынайы заттың қасиеті мен түп негізін түсінуге тікелей байланысты. Есту қабілеті зақымдалған баланы қазақ тілінің төл дыбыстарына дактильдеуге үйрету өте күрделі процесс, себебі, төл дыбыстың қасиеттерімен жалпылай таныстыру баланың тіл туралы елестері мен түсініктерін қалыптастыруға арналады. Дәл, осы мәселе есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытудағы ізденіс барысы болып келеді. Оқу техникасын дамыту талаптары ата-аналарды балаларына жаңа сөздерді қосуды талап етеді. Бірақ, берілетін сөздердің белсенді және оңай болуын қамтамасыз ету керек. Дыбыстап айту жүйесіне оқытудың негізін қалаушы Ф.Ф.Рау мен Н.Ф.Слезина сияқты ғалымдар есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытуда келесі ережелерді сақтау қажет деп айтқан: біріншісі, бала өзіне бағытталған сөйлеу тілін түсінуін қадағалау керек; екіншіден, еліктелінетін дыбыстың дереу қойылуын талап етпеу керек; үшіншіден, дыбыс қоюмен ғана шектелмей, әр сабақ сайын оны жаңа жаттығулармен жетілдіріп отыру керек; төртіншіден, балада пайда болған дыбыс әріп пен дактильдік белгімен үйлесуі керек; бесіншіден, әр жұмыс барысында баланың есту қабілетін қолдану керек.

Әдетте сөйлеу тілінің дактильдік формасының қолданысына қатысты келіспеушілік көзқарастарды да кездестіріп жатамыз. Яғни, қалыпты еститін тұлғалармен қарым-қатынас барысында дактильдеуді мүлдем алып тастау керек, себебі ол этикаға еш жатпайды делініп жатады. Бұл жағдайда сіздер мына жайттарды білулеріңіз тиіс: біріншіден, сөйлеу тілінің дактильдік формасы ол жеке бір мақсат емес, керісінше, барлығымыз жаппай ұмтылатын ауызша сөйлеу тіліне жету үшін қолданылатын бір көмекші құрал болып табылады; ал екіншіден, балаларды оқыту міндетті түрде ауызша сөйлеу тіліне негізделетіндіктен, мұнда дактильдік сөйлеу тілі мимиканың қолданысын шектеп, сөйлеу тілін меңгеруін жеделдетеді. Дактильдік сөйлеу тілін қолдану балалардың дыбыстап айтуына зиянын келтіріп, өзінің кері ықпалын тигізеді деген тұжырымдамалар да кездеседі. Көпжылдық тәжірибе нәтижелері көрсеткендей, бұл тұжырымдамаларды еш орынсыз деп есептеуге болады. Себебі, дактилологияны қолданумен қатар, балалардың еріннен оқуы да жүйелі түрде жаттығып, балалардың ауызша сөйлеу тілі олардың жеке мүмкіншіліктеріне орай дамып отырады. Дактильдік сөйлеу тілі – сөйлеу тілінің бір формасы деп айта аламыз. Оны қолдануды тілдің грамматикалық құрылымын меңгеріп, әріптер мен дыбыстардың ішкі және сыртқы қасиеттерін толықтай қабылдау деп түсінеміз.

Мимика жайында айтып кетер болсақ, әрине оның да пайдалы жақтары да бар, бірақ біздің бағытымыз ауызша сөйлеу тілі болғандықтан оның үстемдігіне барынша ұмтылуымыз керек.

Қажет ақпараттардың жеткіліксіздігінен бе, әлде қоғам санасының алшақтығынан ба есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың білім алуға, қоғамға бейімделуіне қатысты проблемалары жеке шеңбер төңірегінде қалып отырғанын білеміз. Сондықтан аталмыш балаларын бүкіл өмірін айқындайтын арнайы оқыту мен қоғамға бейімдеу нәтижесі педагогикалық сауаттылыққа тікелей негізделеді. Тек осы процесті оңтайлы жүргізгеннен кейін ғана әдеттегідей барлық жүктемені тек педагогқа ғана бұрып қоймай, ата-аналарды да қажет ақпараттармен қамтамасыз етіп, тек сол

кезде ғана үй және мектеп , қоғам жағдайындағы арнайы оқыту мен тәрбиелеу процесін дұрыс өзара үйлестіруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. И.М.Сеченов.Избранное произведения.Т, 1. М., Изд-во АН СССР, 1952, стр 512
2. А.В.Синяк, М.М.Нудельман. Психологические особенности формирования речи у глухих детей // Особенности психического развития глухого ребенка.-М., 1975. 69-98.
3. В.Г.Халатян.Дактильная азбука армянского языка //Дефектология.-1973.-№ 4.-.56-58.
4. Л.С.Выготский. К вопросу о речевом развитии и воспитании глухонемого ребенка // Собр. Соч.: в 6 т.-М., 1983.-С. 329-330.
5. И.Ф.Гейльман. Специфические средства общения глухих: Дактилология и мимика: В 5 ч.-Л., 1975-1979.
6. С.А.Зыков. Язык как учебный предмет в школе для глухих детей // Методика обучения глухих детей языку.-М., 1977.-С. 5-51.
7. С.А.Зыков . О системе обучения глухих детей языку.-Известия АПН РСФСР, вып.77, 1956,С.75-121.
8. А.Г.Зикеев. Поиски оптимальных путей корригирующего обучения глухих детей в советской дефектологии. –Дефектология, 1979, № 6, С.34-38.
9. А.Г.Басова., А.Г.Геранкина. Исторические данные об отношении сурдопедагогов к дактильной и жестовой форме речи в обучении глухих // Вопросы сурдопедагогики.-М., 1970.
10. И.Ф.Гейльман. Дактилология.-Л., 1981.
11. А.Г.Геранкина. Практикум по дактильной речи.-М., 1972.
12. Р.М.Боскис. Мимическая речь глухонемых // Глухие и слабослышащие дети. М., 1963.-С. 110-114.
13. Г.Л.Зайцева., Н.Ф.Слезина. Мимко-жестовая речь // Психология глухих детей.-М., 1971.-С. 240-248.
14. С.А.Зыков. Основы формирования словесного общения.-В кн.: Обучение и воспитание глухих. М., Учпедгиз, 1959, С.61-77.
15. С.А.Зыков. Устная, письменная, дактильная формы речи в первоначальном обучении глухонемых детей.- Известия АПН РСФСР, вып.104, 1959, С.75-121.
16. С.А.Зыков. Обучение глухих детей языку по принципу формирования речевого общения. М., Изд.АПН РСФСР, 1961, С.360.
17. Е.Н.Марциновская. Темп устной и дактильной речи у глухих детей. -Специальная школа, 1960, С. 50-57.

Раздел 3.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОВР

УДК : 376.3.018.42

МРНТИ:14.29.29

Досыбаева С¹. ,Бекбаева З.Н.²

¹Абай атындағы ҚАЗҰПУ-нің 6М010500 – Дефектология мамандығының 1-курс магистранты,

²Ғылыми жетекшіі:– Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы білім беру кафедрасының аға оқытушы,
п.ғ.к., kaznauzake@mail.ru

Аңдатпа

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды эстетикалық тәрбиелеудің маңызы, теориялық негіздері қарастырылған. Эстетикалық тәрбие - бұл қоршаған орта мен өнердің сұлулығын көре білу қабілетін дамыту мақсатында баланың тұлғасына әсер етудің мақсатты, жүйелі үрдісі.

Түйін сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, эстетикалық тәрбие, тәрбие принциптері, эстетикалық талғам.

Аннотация

Досыбаева С¹. ,Бекбаева З.Н.²

¹Магистрант КазНПУ имени Абая, специальности 6М010500 – Дефектология, 1 курс,

² Научный руководитель,, ст.преподаватель кафедра специального образования КазНПУ имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

Содержание эстетического воспитания детей дошкольного возраста

В статье рассматриваются теоретические основы эстетического воспитания детей дошкольного возраста с нарушениями речи. Эстетическое воспитание - это целенаправленный, систематический процесс воздействия на личность ребенка с целью развития у него способности видеть красоту окружающего мира, искусства и создавать ее.

Ключевые слова: детей дошкольного возраста, эстетическое воспитание, принципы воспитания, эстетический вкус.

Abstract

C.Dosybaeva,¹ Z.Bekbaeva²

a 2nd year master student, major in 6M010500 – Defectology

Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

¹ candidate of pedagogical sciences, senior teacher of department of special education.

Kazakh National pedagogical university named after Abai.

The content of aesthetic education of children of preschool age

In the article theoretical basics of esthetic education of children of preschool age with violations of the speech are covered. Esthetic education is a purposeful, systematic process of impact on the identity of the child for the purpose of development of ability in him to see beauty of the world around, art and to create her.

Keywords: children of preschool age, esthetic education, principles of education, esthetica

Қазақстанда білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын қазіргі таңдағы өзгермелі талаптарға, мемлекеттің даму болашағына сай жаңарту және оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруге бетбұрыс жасалуда. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде мәдени және шығармашылық бағыттағы оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға жағдай жасау, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік пен салауттылықтың берік негіздерін қалыптастыру мәселелері қойылған. Мектепке дейінгі білім беру үрдісі – білім берудің алғашқы баспалдағы болып табылады. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында мүмкіндігі шектеулі мектепке дейінгі балалардың білім алуына басым көңіл бөлінген.

Өскелең ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастыру мәселесі бойынша Әл-Фараби, Қ.А.Ясауи, Ж.Баласағұни, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т.б. еңбектерінде негізгі бір арқау болған [1].

Зерттеудің жалпы педагогикалық теориялық және әдіснамалық негіздерін қалаған ресейлік ғалымдар Г.Н.Волков, М.Н.Скаткин, Л.С.Выготский, Л.Н.Леонтьев, Л.М.Зюбин, А.Сухомлинский, т.б. еңбектері ерекше маңызға ие [2].

Сонымен қатар оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру мәселесіне елеулі мән берген С.Ұзақбаева, Б.Әлмұқанбетов, А.А.Қалыбекова, Е.Омар, С.С.Тілеуова, Қ.Сарбасова, Р.К.Дүйсенбинова, Д.А.Кемешев, С.А.Жолдасбекова, А.Ж.Нуралиева А.Қ.Ералина, И.В.Коваленко және т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады [3].

Уақыт талабына сай әлеуметтік өзгерістер мен қоғамдағы өндірістік қатынастардың дамуы оқу-тәрбие талабы жаңғырып, өзгеріп, дамып отыруына әсер етіп отыр. Бұл тұрғыда философиялық, психологиялық және педагогикалық тақырыптағы ғылыми зерттеулер кеңінен арналған.

Дегенмен мектепке дейінгі балаларды эстетикалық тәрбиелеу педагогикалық-психологиялық, ғылыми-теориялық жағынан негізделген әдістемелік мазмұны әлі де зерттеуді қажет етеді.

Демек, мектепке дейінгі балаларды эстетикалық тәрбиелеу қажеттілігі мен оның теориялық негізделуінің және әдістемелік жабдықталуының жеткіліксіз деңгейде қарастырылуы арасында қарама-қайшылық анық байқалады.

Зерттеудің мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларды эстетикалық тәрбиелеу жолдарын анықтау. Эстетикалық бастама дәстүрлі тұрмыста, күнделікті іс-әрекетте көрініс тауып, ондағы сұлулық пен мейірімділік ұғымдары қатар қойылды. Эстетика ғылымын қалыптастыруда Әбу Насыр әл-Фараби “Музыканың үлкен кітабы”, “Поэзия өнерінің каноны туралы трактат”, “Поэзия туралы кітап” атты еңбектерінде эстетикалық болмыс пен таным туралы терең пайымдаулар айтты [4]. Қазақтың төлтума эстетикалық мәдениеті хандық дәуірінде қалыптасып, ақын-жыраулар эстетикасының құндылығы шығарманың көркем мазмұнымен ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі қазақ қоғамындағы қуатты әлеуметтік-мәдени орнымен және қызметімен айқындалады. Сондықтан оларға халық жаппай ілтипат білдірген. Ақын-жыраулар толғауларында бүкіл қазақ халқының ой-арманы мен эстетикалық талғам-түсініктері шынайы бейнеленген. Қазіргі кезде қоғамда жас ұрпақты өнердің барлық салаларында яғни: адамның өмірі мен тұрмысындағы, еңбектегі, көркем өнердегі, табиғаттағы сұлулық пен әсемдікті көре білетін, сезе білетін, бақылай алатын және оларды өзі де жасай алатын азамат етіп тәрбиелеу, міндеті тұрады.

“Эстетика” грек сөзі, яғни, сезім, түйсік деген мағынаны білдіреді. Олай болса, эстетика-өмірді сезім арқылы танып, білудің негізгі жолы. Эстетикалық талғамы биік, сезімтал бала еңбектегі әдемілікті, табиғаттағы, өнердегі сұлулықты танып, оны сүйе, қастерлей білетін болады.

